



20 \_\_\_\_\_ ЖЫЛҒЫ « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_\_ года

## Аудиторлық есеп

Ақтөбе қаласы

2019 жылғы 17 мамыр  
№ 1

### I. Кіріспе бөлік

**1.1. Мемлекеттік аудит объектісінің атауы** «Ақтөбе» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамы (әрі қарай – Қоғам), Ақтөбе қалалық әділет басқармасымен 2018 жылғы 05 қыркүйектегі заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы берілген, БСН 101140008468, «Банк ЦентрКредит»АҚ-ғы шоты KZ48856000004194573, «БАНК ВТБ (ҚАЗАҚСТАН)»АҚ-ғы шоты KZ754322203398H00279, «Цеснабанк»АҚ-ғы шоты KZ19998MTB0000418104, «ASIACREDIT BANK (АЗИЯКРЕДИТ БАНК)»АҚ-ғы шоты KZ7977460KZ220316002, Мекен жайы: Ақтөбе қаласы, Промзона кварталы, 724 құрылыс тел.:8(7132) 74-20-48, 74-20-43.

**1.2. Аудиторлық іс-шараның атауы:** Квazимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерін басқарудың тиімділігі, сондай-ақ жергілікті бюджеттен бөлінген қаражатты тиімді пайдалануы.

**1.3. Мемлекеттік аудит объектісіндегі мемлекеттік аудиттің мақсаты:** квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерін басқарудың тиімділігі, қаржы-экономикалық негіздеменің, жергілікті бюджеттен бөлінген қаражатты тиімді пайдалануы, Қоғамның өзге заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуының заңдылығы, Қоғам қызметінің стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу тиімділігін бағалау, мемлекеттік аудит объектілерінің тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жоспарлау негізділігі, олардың іске және жүзеге асырылуының тиімділігі, мемлекеттік аудит объектілерінің бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасаудың анықтығы мен дұрыстығы.

**1.4. Мемлекеттік аудиттің мәні:** мемлекет активтері.

**1.5. Аудиттің типі, тексерудің түрі:** тиімділік аудиті, соның ішінде сәйкестік.

001331

Қазақстан Республикасы Ақтөбе қ.  
"Ақтөбе" әлеуметтік-кәсіпкерлік  
корпорациясы" ұлттық  
компаниясы" акционерлік қоғамы

Кіріс № 546

17 05 2019 жыл

**1.6. Мемлекеттік аудит тобының құрамы:** мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау бөлімінің бас инспектор – мемлекеттік аудиторы А.Т.Нұрғалымов (топ жетекшісі) (мемлекеттік аудитор сертификатының нөмірі 0392), бас маман – мемлекеттік аудиторлары Е.Т.Жұмағалиев (мемлекеттік аудитор сертификатының нөмірі 0384), Р.А.Балкасынов (мемлекеттік аудитор сертификатының нөмірі 0393).

**1.7. Мемлекеттік аудит (тексеру) жүргізуге тапсырма:** Ақтөбе облысы бойынша тексеру комиссиясының (әрі қарай – Тексеру комиссиясы) мүшесі М.Т.Раймқұловтың 2019 жылғы 04 наурыздағы № 6-16-Т тапсырмасы.

**1.8. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең:** 2016 жылғы 01 қазаннан бастап 2018 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғанға дейін.

**1.9. Мемлекеттік аудит жүргізу мерзімі:** 2019 жылғы 05 наурыз – 17 мамыр аралығы. (А.Т.Нұрғалымов, Е.Т.Жұмағалиев 2019 жылғы 11 наурыз – 17 мамыр аралығы).

**1.10. Мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдары:** мемлекеттік аудит Басқарма төрағалары Маханов Ануар және Мамунов Руслан Маратовичтің келісімдерімен және бухгалтерлік есеп және есептілік департаментінің директоры Наурызбаева Элеонора Талгатовнаның қатысуымен жүргізілді.

Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезеңде жұмыс істеген және құжаттарға қол қою құқығы болған лауазымды адамдары:

бірінші қол қою құқығы:

- Басқарма төрағасы К.Ә.Бекенов 2015 жылғы 17 қарашадан бастап 2016 жылғы 05 қазанға дейін, З.А.Майтеков 2016 жылғы 05 қазаннан бастап 2017 жылғы 14 ақпанға дейін, төрағасының міндетін атқарушы А.Т.Шеркешбаева 2017 жылғы 14 ақпаннан бастап 2017 жылғы 10 сәуірге дейін, Д.Утемис 2017 жылғы 10 сәуірден бастап 2018 жылғы 25 сәуірге дейін, төрағасының міндетін атқарушы М.Д.Аккагазов 2018 жылғы 26 сәуірден бастап 2018 жылғы 08 маусымға дейін, А.Маханов 2018 жылғы 08 маусымнан бастап 2019 жылғы 26 наурызға дейін; Р.М.Мамунов 2019 жылғы 26 наурыздан бастап осы кезге дейін.

екінші қол қою құқығы:

- қаржы бөлімінің басшысы - бас бухгалтері А.Т.Шеркешбаева 2016 жылғы 18 сәуірден бастап 2018 жылғы 21 мамырға дейін, бухгалтерлі есеп және есептілік департаментінің директоры Л.Т.Ан 2018 жылғы 21 мамырдан бастап 2018 жылғы 08 қазанға дейін, Э.Т.Наурызбаева 2018 жылғы 08 қазаннан бастап осы кезге дейін.

**1.11. Үстеме тексеру жүргізілетін объектілердің тізбесі:**

- 1) ««Ақтөбе» индустриялық аймағын басқару компаниясы» ЖШС;
- 2) «ASECA» ЖШС;
- 3) «Базарларды басқару» ЖШС.


**1.12. Алдыңғы мемлекеттік аудиттің нәтижелері туралы қысқаша мәліметтер:** Тексеру комиссиясының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау бөлімінің бас маман-бас мемлекеттік аудиторлары Г.К.Сатенова (топ

жетекшісі) мен К.Е.Есмаханова квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерін басқарудың тиімділігіне, мемлекеттік аудит объектілерінің бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасаудың анықтығы мен дұрыстығына, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шарт талаптарын орындауына, қаржы-экономикалық негіздемеге сәйкес жергілікті бюджеттен бөлінген қаражатты тиімді пайдалануына мемлекеттік аудит жүргізілген (2016 жылғы 30 желтоқсандағы аудиторлық есебі). Аудитпен «Үй» құрылысы комбинаты құрылысының жобасын іске асыруға үлестік қатысу үшін жарғылық капиталын ұлғайту» инвестициялық жобасының толық көлемде аудитке берілмегені, жылыжай кешенін құруға арналған инвестициялық жоба бойынша ҚЭН-де көзделген қаржы-экономикалық негіздемеге сәйкес іске асырылмаған және атаулылық және нысаналы сипаттағы қағидатты бұза отырып қаражаттар пайдаланылғаны, «Ақтөбе-Жылыжай» ЖШС-нің негізгі құралдарына түгендеу жүргізілмегені, қаражаттардың максатты пайдаланылуына және бухгалтерлік құжаттарға тексеру жүргізілмегені, индустриялық аймақтың әкімшілік-тұрмыстық корпусының қызметін қамтамасыз ету және қолдау бойынша бөлінген 7266,7 мың теңге қаражат белгіленген тәртіппен бекітілген қаржылық-экономикалық негіздемеге сәйкес іске асырылмағаны және 3200,3 мың теңге бойынша тікелей мен түпкілікті нәтижелерге қол жеткізілмегені, 1 827,7 мың теңге негізділік және тиімділік қағидаттарын бұзумен пайдаланылғаны, инвесторларға қызмет көрсету орталығының қызметін қамтамасыз ету үшін ҚЭН 267,9 мың теңге сомасына азақ жағына түзету жүргізілгені, инвесторларға қызмет көрсету орталығының қызметін қамтамасыз ету үшін ҚЭН-де көзделген 8 700,3 мың теңге сомасында бюджеттік инвестициялардың нәтижелеріне қол жеткізілмегені, 2 920,3 мың теңге сомаға Инвесторларға қызмет көрсету орталығының қызметін қамтамасыз ету үшін сатып алынған активтер негізділік және тиімділік қағидаттарын бұза отырып пайдаланылғаны, 2014-2016 жылдарға арналған бекітілген сатып алу жоспары үлгі нысанға сәйкес келмейтіні, тапсырыс берушімен жұмыстарды орындау мерзімдерінің бұзылуы үшін 41,2 мың теңге сомасына алынбаған қалған тауарға өсім есептелмегені анықталған. Аудит барысында 267,9 мың теңге бюджетке өндірілген. Бұзушылықтар жойылған.

Ақтөбе облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің №2 мемлекеттік сектор аудит бөлімінің басшысы Х.З.Укибаевпен және осы бөлімнің бас маман-мемлекеттік аудитору А.Д.Иргалиевамен 2012 жылғы 01 қаңтардан бастап, 2018 жылғы 28 ақпанды қоса алғанға дейінгі кезеңдегі тұрақтандыру қорына бөлінген бюджет қаражатын максатты пайдалану мәселесі бойынша сәйкестік аудиті жүргізілген. Аудитпен тұрақтандыру қорын қалыптастыру және пайдалану үшін бөлінген 67315,5 мың теңге бюджет қаражаттары атқару парақтары бойынша өндіріліп алынғаны анықталған. Бұзушылықтар жойылған.

Тексеру комиссиясының бақылауында тұрған Аудиторлық қорытындылары (Нұсқамалары) бойынша орындалу мерзімі өткен тапсырмалық тармақтар жоқ.





## II. Негізгі бөлік

### 2.1. Аудит бағдарламасын ашып жазу:

Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды құру идеясы алғаш рет 2006 жылғы 18 қаңтарда Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясында айтылған.

Осы стратегияға және Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 28 тамыздағы № 167 «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі аумақтық даму стратегиясы туралы» Жарлығына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 17 қыркүйектегі № 407 ««Каспий», «Тобыл» және «Батыс» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларын құру және олардың қызметін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы» Жарлығына сәйкес Ақтөбе қаласында «Батыс» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы құрылған.

«Батыс» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы» АҚ-ның акционерлерінің 2010 жылғы 13 мамырдағы кезектен тыс жалпы жиналысы хаттамасына сәйкес «Ақтөбе» ӘКК»АҚ-на және «Орал» ӘКК»АҚ-на бөлу жолымен аталған Қоғамды қайта құру шешімі қабылданған.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 6 сәуірдегі №376 «Ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың тізбесін бекіту туралы» қаулысына сәйкес «Ақтөбе» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамы ретінде ұлттық компаниялардың тізбесіне кірген.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 қазандағы № 1382 «Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды дамыту тұжырымдамасын мақұлдау туралы» қаулысына сәйкес:

Қоғамның миссиясы – мемлекет пен бизнестің әріптестігі қағидаттарында өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына жәрдемдесу.

Қоғамның пайымы – активтерді тиімді басқаратын, өңірдің осу нүктелерінде экономикалық белсенділігі, оның ішінде инвестицияларды тарту арқылы ынталандыратын және бәсекеге қабілетті орнықты өндірістерді қалыптастыратын катализатор ретінде әрекет ететін өңірлік даму институты.

Негізгі мақсаты Ақтөбе облысының экономикалық дамуына жәрдемдесу болып табылады.

Басқару органдары болып табылатындар:

- 1) Жоғарғы органы – акционерлердің жалпы жиналысы;
- 2) Басқару органы – директорлар кеңесі;
- 3) Атқарушы органы – Бақарма.

Қоғамның құрылтайшысы «Ақтөбе облысы бойынша қаржы басқармасы» ММ болып табылады - жарғылық капиталдағы 100% қатысу үлесімен.

**Мемлекеттік аудит жүргізу кезінде қолданылатын көрсеткіштер:**

**Базалық көрсеткіші:**

**1. Стратегиялық мақсаттар мен даму индикаторларын іске асырудың тиімділігі. –**

**Арнайы көрсеткіш:**

1) Қоғамның дамуының белгіленген бағдарламалары мен міндеттерінің орындалуын бағалау;

2.1.1. Қоғам қызметінің стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу тиімділігін бағалау.

2.1.1.1. Аудит бағдарламасының мәселесін талдау, соның ішінде:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 23 шілдедегі №819 «Ақтөбе» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының 2014 - 2023 жылдарға арналған даму стратегиясын (әрі қарай – Даму стратегиясы) бекіту туралы» қаулысына (Қуші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 10 желтоқсандағы № 818 қаулысымен) сәйкес Қоғамның 2014 - 2023 жылдарға арналған Даму стратегия бекітілген.

ҚР бірқатар нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілуіне байланысты деп Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 11 қазандағы №143 хаттамасымен Қоғамның өзгерістер мен толықтырулар енгізілген 2014-2023 жылға арналған Даму стратегиясы мақұлданған.

Алайда, ұсынылған материалдар Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 149 «Акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму стратегиялары мен даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, сондай-ақ олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының талаптарына және нысанына сәйкес дұрыс жасалмауына және ҚР Ұлттық экономика министрлігінің елеулі ескертулеріне байланысты Қоғамның өзгерістер мен толықтырулар енгізілген Даму стратегиясы ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілмеген.

Сәйкесінше, мемлекеттік мүлік тізімінде ([gr5.gosreestr.kz](http://gr5.gosreestr.kz) сайтында) Қоғамның өзгерістер мен толықтырулар енгізілген Даму стратегиясы енгізілмеген.

Сондықтан қазіргі уақытта Қоғам өз қызметін дамуының директивті жоспарсыз жүзеге асырып келеді.

**1-тармақ.** Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы № 413-IV «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 184 бабының 2.4.8 тармақтарына қайшы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 149 «Акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму стратегиялары мен даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, сондай-ақ олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму стратегияларын әзірлеу, бекіту, сондай-ақ олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау қағидаларының 8,9,10,12,16 тармақтарына




қайшы Қоғамның өзгерістер мен толықтырулар енгізілген Даму стратегиясы ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілмеген. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 18-НҚ «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілерінде анықталатын бұзушылықтар сыныптауышын бекіту туралы» нормативтік қаулысымен бекітілген Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілерінде анықталатын бұзушылықтар сыныптауышысында көзделмеген (әрі қарай - Бұзушылықтар сыныптауышы). №1 қосымша 9 бетте (Хаттардың, ақпараттың, хаттаманың көшірмелері және түсініктеме жасалғанды).

Қоғамның 2014-2016 жылдар қорытындысы бойынша Даму стратегиясының орындалуы туралы есебі Директорлар кеңесімен қаралмаған және бекітілмеген.

**2-тармақ.** Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы № 413-IV «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 184 бабының 8 тармағына қайшы, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 26 ақпандағы № 139 «Акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму стратегиялары мен даму жоспарларының орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму стратегияларының орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну қағидаларының 3 тармағына, 5 тармағының 1,2 тармақшаларына қайшы, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 149 «Акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму стратегиялары мен даму жоспарларын әзірлеу, сондай-ақ олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму стратегияларын әзірлеу, бекіту, сондай-ақ олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау қағидаларының 19 тармағына қайшы Қоғамның 2014-2016 жылдар қорытындысы бойынша Даму стратегиясының орындалуы туралы есебі Директорлар кеңесімен бекітілмеген. Бұзушылықтар сыныптауышысында көзделмеген. №2 қосымша 1 бетте (Түсініктеме жасалғанды).

Даму стратегиясын іске асыру мақсатында Қоғамның 2014-2018 жылдарға арналған даму жоспары (әрі қарай – Даму жоспары) Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 05 желтоқсандағы №97 шешімімен бекітілген.

Қоғаммен gr5.gosreestr.kz сайтындағы деректерге сәйкес Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 22 желтоқсандағы №165 шешімімен бекітілген 2016 жылғы Даму жоспарының орындалуы туралы есебі жасалып тапсырылған.

Сонымен 2016 жылдың қорытындысы бойынша қызметтің үш стратегиялық бағыты бойынша жоспарланған 16 көрсеткіштің 4-не қол жеткізілмеген, ондағы:


- өңдеуші және жеңіл өнеркәсіпке салынатын шетелдік инвестициялар көлемінің өсуі;
  - өңірге шетелдік, оның ішінде "Global-2000" тізіміндегі инвесторларды тарту;
  - корпоративтік басқару рейтингін алу;
  - инвестициялау көлемінің өсуі.
- 7 көрсеткішке жартылай қол жеткізілген:
- бір жылда ӘКК инвестициялық қоржыны көлемінің өсімі;
  - өңірде ӘКК қатысатын бірыңғай кластердің жаңа кәсіпорындарының саны;
  - қарауға келіп түскен жаңа бизнес-өтінімдердің саны;
  - оңалтылған (сауықтырылған) кәсіпорындардың санын ұлғайту;
  - бір қызметкерге шаққандағы таза пайда;
  - инвестициялардың рентабельділігі;
  - оқытумен қамтылған қызметкерлердің коэффициенті, қызметкерлердің жалпы санынан.

Сол арада, орындалған даму индикаторларының сандық параметрлері шағын көлемді құрайды және олардың жетістіктері облыстың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштеріне айтарлықтай әсер етпейді.

**3-тармақ.** Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 4 наурыздағы № 413-IV «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 184 бабының 8 тармағына қайшы, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 149 «Акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму стратегиялары мен даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, сондай-ақ олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, сондай-ақ олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау қағидаларының 27 тармағының 1-4 тармақшаларына қайшы 2016 жылдың қорытындысы бойынша Даму жоспарындағы үш стратегиялық бағыты бойынша жоспарланған 16 көрсеткіштің 4-не қол жеткізілмеген, 6 көрсеткішке жартылай қол жеткізілген, бұл ерете Қоғамның атқарушы органы жауапты болып табылады. Бұзушылықтар сыныптаушысының 3.1.2.13 тармағында көзделген. №3 қосымша 1 бетте (Сайттағы есептің көшірмесі жалғанды).

Сонымен қоса, 2016 жылғы Даму жоспарының орындалуы туралы есебін бекіту бойынша Директорлар кеңесінің отырысы сырттай өткізілген кезде, дауыс беру сырттай дауыс беруге арналған арнайы бюллетеньдер бойынша жүргізілген.







Хаттамаға сәйкес шешім қатысқан 9 кеңес мүшеден тек 3 (3 бюллетень бар) мүшесімен қабылданған, қалған 6 мүшесінің бюллетеньдері аудитке ұсынылмады.

Қоғамның жалғыз акционерінің 2018 жылғы 07 тамыздағы №6 шешімімен бекітілген Жағысының 11,5 тармағына сәйкес Директорлар кеңесін өткізуге арналған кворум Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының жартысынан аз болмауы керек.

**4-тармақ.** Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415 «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 58 бабының 1 тармағына, жалғыз акционерінің 2018 жылғы 07 тамыздағы №6 шешімімен бекітілген Жағысының 11,5 тармағына қайшы 2016 жылғы Даму жоспарының орындалуы туралы есебін бекіту бойынша Директорлар кеңесінің отырысы кворумсыз өткізіліп шешім шығарылған. Бұзушылықтар сыныптаушысында көзделмеген. №4 қосымша 1 бетте (Түсініктеме жазғанды).

2017 жылғы Даму жоспарының орындалуы Қоғамның Директорлар кеңесімен бекітілмеген.

**5-тармақ.** Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы № 413-IV «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 184 бабының 8 тармағына қайшы, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 26 ақпандағы № 139 «Акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму стратегиялары мен даму жоспарларының орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму жоспарларының орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну қағидаларының 3 тармағына, 5 тармағының 1,2 тармақтарына қайшы, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 149 «Акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму стратегиялары мен даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, сондай-ақ олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, сондай-ақ олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау қағидаларының 17 тармағына қайшы 2017 жылғы Даму жоспарының орындалуы туралы есебі Директорлар кеңесімен бекітілмеген. Бұзушылықтар сыныптаушысында көзделмеген. №5 қосымша 1 бетте (Түсініктеме жазғанды).

**2.1.2. Қоғамның Жарғылық капиталын қалыптастыруының дұрыстығы.**

2.1.2.1. Аудит бағдарламасының мәселесін талдау, соның ішінде:

2016 жылғы 01 қазанына Жарғылық капитал 8 442 098,0 мың теңге болған. «Бағалы қағаздар орталық депозитарий» АҚ-ның анықтамасына



сәйкес жарияланған жай акциялардың саны 15000000 дана, орналастырылған жай акциялар саны 8442098 дана. Жарияланған жай акцияның бір данасы үшін 1000 теңге мүлшерінде жазылу әдісімен орналастырылып, Жарғылық капитал қалыптастырылған. Ұсынылған деректерге сәйкес Жарғылық капитал төмендегідей мемлекеттік органдары мен ұйымдардың қаражаттары мен мүлкі арқылы құрылған, ондағы:

- Ақтөбе қаласының әкімдігімен жалпы құны 175 253,0 мың теңге құрайтын жер учаскелері және Toyota Land Cruiser автокөлігі есебінен;
- «Ақтөбе-көкөніс» АҚ-ның 386 479,0 мың теңге құрайтын мүлкісі есебінен;
- Ақтөбе облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасымен бөлінген 480 000,0 мың теңге бюджет қаражаттары есебінен;
- Ақтөбе облысының ауыл шаруашылық басқармасымен бөлінген 189 603,0 мың теңге бюджет қаражаттары есебінен;
- Ақтөбе облысының қаржы басқармасы арқылы жалпы құны 6512296,0 мың теңге құрайтын бюджет қаражаттары және өзге де мүліктер есебінен;
- Ақтөбе облысының энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы басқармасымен 432500,0 мың теңге
- Ақтөбе облысының индустриялық-инновациялық даму басқармасымен бөлінген 265967,0 мың теңге бюджет қаражаттары есебінен.

Аудитпен қамтылған кезеңде Жарғылық капиталында өзгерістер болмай 2019 жылғы 01 қаңтарына 8 442 098,0 мың теңге болып қалған.

Бағдарлама мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ. *№6 қосымша бетте (Тексеру жүргізілген құжаттардың тізбесі жалғанды).*

**Арнайы көрсеткіш:**

2) облыс экономикасын дамытуға белгіленген үлеске қол жеткізуі.

**2.1.3. Ұйымдарға несие (қарыз) берудің, операторлық шығыстардың дұрыстығы, тиімділігі. Тұрақтандыру қорына тауарларды сатып алуының негізділігі.**

2.1.3.1. Аудит бағдарламасының мәселесін талдау, соның ішінде:

Ұсынылған деректерге сәйкес Аудитпен қамтылған кезеңде Қоғаммен төмендегідей ұйымдарға қарыз берілген, ондағы:

- 2016 жылғы 28 желтоқсандағы нөмірсіз қарыз беру шартымен ««Ақтөбе» индустриялық аймағын басқару компаниясы» ЖШС-не 1305,0 мың теңге *(қайтару мерзімі 2017 жылғы 01 шілдеге дейін)*;

- 2017 жылғы 25 қаңтардағы нөмірсіз қарыз беру шартымен ««Ақтөбе» индустриялық аймағын басқару компаниясы» ЖШС-не 3000,0 мың теңге *(қайтару мерзімі 2017 жылғы 01 шілдеге дейін)*;

- 2017 жылғы 23 қазандағы нөмірсіз қарыз беру шартымен «Базарларды басқару» ЖШС-не 10000,0 мың теңге *(қайтару мерзімі 2017 жылғы 16 желтоқсанға дейін)*.

- 2018 жылғы 24 шілдедегі нөмірсіз қарыз беру шартымен «А-Полиграфия» ЖШС-не 160819,4 мың теңге (қайтару мерзімі 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейін);

- 2018 жылғы 12 желтоқсандағы нөмірсіз қарыз беру шартымен «Зерде-Строй» ЖШС-не 75000,0 мың теңге (қайтару мерзімі 2019 жылғы 12 шілдеге дейін);

- 2018 жылғы 01 қарашадағы нөмірсіз қарыз беру шартымен «GIGANT KZ» ЖШС-не 3000,0 мың теңге (қайтару мерзімі 2019 жылғы 01 қаңтарға дейін);

- 2018 жылғы 14 желтоқсандағы нөмірсіз қарыз беру шартымен «Рамазан» ШҚ-не 8800,0 мың теңге (қайтару мерзімі 2019 жылғы 31 желтоқсанға дейін).


Аудитпен қамтылған кезеңге қайтару мерзімдері келетін қарыздар бойынша қайтармау деректері анықталған жоқ.

Осы берілген қарыздардың берілген мақсаттарын зерделеумен Ақтөбе облысының экономикасының дамуына немесе Қоғамның өзіне дым пайдасы жоқ қаржылық операциялары жасалғаны анықталды:

Қоғаммен «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ-нің 2018 жылғы 11 желтоқсандағы №1-78-46 өтініші негізінде «Алға облыстық балалар үйінің жыл бойғы лагерінің 7 ғимаратын жылумен қамтамасыз ету» мемлекеттік-жеке меншік әріптестік жобасының әлеуметтік бағытын ескере отырып, жобаны іске асыратын «Зерде-Строй» ЖШС-мен 75000,0 мың теңге пайызсыз қарыз беру туралы 2018 жылғы 12 желтоқсандағы нөмірсіз келісім шарты жасалған. Қарызды өтеу мерзімі 2019 жылғы 12 желтоқсанға дейін. Алайда осы келісім шарт бойынша «Зерде-Строй» ЖШС-не қарыз беру туралы Басқарманың шешімі шығарылмаған. Яғни қарыз беру мәселесі Басқарма отырысының қарауына шығарылмай, Басқарма төрағасымен жеке шешім қабылданып «Зерде-Строй» ЖШС-не 75000,0 мың теңге пайызсыз қарыз беріліп, Ақтөбе облысының экономикасының дамуына немесе Қоғамның өзіне дым пайдасы жоқ қаржылық операциясы жасалған.

**6-тармақ.** Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 қазандағы №1382 «Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды дамыту тұжырымдамасын мақұлдау туралы» қаулысымен мақұлданған Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды дамыту ТҰЖЫРЫМДАМАСЫнда каралған пайымына сәйкес активтерді тиімді басқаратын өңірлік даму институты бола тұра және табыстылыққа, тиімділікке ұмтылу талаптары сақталмай, Жалғыз акционерінің 2018 жылғы 07 тамыздағы №6 шешімімен бекітілген Қоғам Жарғысының 4/1. тармағына қайшы «Алға облыстық балалар үйінің жыл бойғы лагерінің 7 ғимаратын жылумен қамтамасыз ету» жобасы бойынша «Зерде-Строй» ЖШС-не 75000,0 мың теңге пайызсыз қарыз беріліп, Ақтөбе облысының экономикасының дамуына немесе Қоғамның өзіне дым пайдасы жоқ қаржылық операциясы жасалып, қаражаттар тиімсіз жұмсалған. Бұзушылықтар сыныптаушысында көзделмеген. №7 қосымша 4 бетте (Келісім шарттың және төлем тапсырмасының көшірмесі).





Осыған ұқсас, Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 24 шілдедегі №173 хаттамасына сәйкес «А-Полиграфия» ЖШС-нің ғимаратына күрделі жөндеу жүргізу үшін «А-Полиграфия» ЖШС-не 160819,4 мың теңге пайызсыз қарыз беру туралы шешім қабылданған. Осыған сәйкес 2018 жылғы 24 шілдедегі нөмірсіз шарты жасалып «А-Полиграфия» ЖШС-не 160819,4 мың теңге қарыз берілген. Қайтару мерзімі 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейін. Көрсетілген Серіктестіктің негізгі қызметі баспа-полиграфиялық қызмет көрсету және баспа өнімдерін өндіру болып табылады, яғни Қоғамның қызметіне байланысы жоқ. Осыған сәйкес Ақтөбе облысының экономикасының дамуына дым пайдасы жоқ қаржылық операциясы жасалғаны, сондай ақ Қоғамның қызметіне байланысы жоқ ұйымға қарыз беріліп, қаражаттар тиімсіз шығындалғаны көрінеді.

**7-тармақ.** Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 қазандағы № 1382 «Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды дамыту тұжырымдамасын мақұлдау туралы» қаулысымен мақұлданған Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды дамыту ТҰЖЫРЫМДАМАСЫнда қаралған пайымына сәйкес активтерді тиімді басқаратын өңірлік даму институты бола тұра және табыстылыққа, тиімділікке ұмтылу талаптары сақталмай, Жалғыз акционерінің 2018 жылғы 07 тамыздағы №6 шешімімен бекітілген Қоғам Жарғысының 4.1. тармағына қайшы «А-Полиграфия» ЖШС-нің ғимаратына күрделі жөндеу жүргізу үшін, «А-Полиграфия» ЖШС-не 160819,4 мың теңге пайызсыз қарыз беріліп, Ақтөбе облысының экономикасының дамуына немесе Қоғамның өзіне дым пайдасы жоқ қаржылық операциясы жасалып, қаражаттар тиімсіз шығындалған. Бұзушылықтар сыныптаушысында көзделмеген. №8 қосымша 7 бетте (Келісім шарттың хаттаманың көшірмесі).


Сонымен қоса аудитпен қамтылған кезеңге дейінгі кезеңдегі өзінің құрылған еншілес ұйымдары мен өзге де шаруашылық жүргізуші субъектілерге қарыз қаражатын бөлу жөніндегі Қоғамның материалдарын талдау және зерделеу, қарыз қаражатын уақтылы қайтаруда Қоғам тарапынан жүйелі өзара іс-қимылдың және тиісті бақылаудың жоқтығын көрсетті.


Аудитпен қамтылған кезеңде қарыз қаражаты бойынша берешек сомаларының болуына байланысты тиісті қарыздарды бөлу фактілері бойынша сұрау жасалды және ұсынылған материалдар зерделеніп төмендегідей деректер анықталды:

**«Батыс-Агро 2008» ЖШС**

2008 жылғы 09 сәуірдегі №6 хаттамасында Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес «Батыс-агро 2008» ЖШС-нің негізгі қызметі ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді, сатып алуды, жеткізуді, сатуды, сондай-ақ оны сақтауды, қайта өңдеу, тасымалдау жөніндегі қызметтерді жүзеге асыруға мақсат қойған.

Жарғылық мақсаттарды іске асыру үшін «Батыс-агро 2008» ЖШС белгілі бір қызметтерді жүзеге асырып бастаған. Атап айтқанда:





«Батыс-агро 2008» ЖШС-тің жалпы сомасы 50795,0 мың теңгеге өзге ұйымдарға қатысуы үлестері тіркелген, оның ішінде: Ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар «Ақтөбе ауыл микрокредит» Микроқаржы ұйымы» ҚЖС-не – 10125,0 мың теңге; Өзгеде ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар «Табыс Қала» ЖШС-не – 40670,0 мың теңге;

«Батыс-агро 2008» ЖШС-тің жалпы сомасы 374,0 мың теңгеге үлестік қатысу әдісімен есепке алынатын инвестициялары тіркелген, оның ішінде: 1) «Батыс қаржы» ЖШС-не – 54,0 мың теңге; 2) «АйсАгро» СДО» ЖШС-не – 64,0 мың теңге; 3) «Қарғалы» СДО» ЖШС-не – 64,0 мың теңге; 4) «Мәртөк» СДО» ЖШС-не – 64,0 мың теңге; 5) «Тандем» СДО» ЖШС-не – 64,0 мың теңге; 6) «Хромтау» СДО» ЖШС-не – 64,0 мың теңге.

Алайда, аудитпен қамтылған кезең аралығында «Батыс-агро 2008» ЖШС Директор кеңесінің хаттамасында көрсетілген негізгі қызметтерді жүзеге асырмай, Серіктестік басым көпшілік қызметі өзінің жалғыз Құрылтайшысына қызмет көрсету арқылы кіріс түскен. Атап айтқанда, Құрылтайшыға қызметкерлердің көмегін ұсыну қызметінен және автомобильді қосалқы жалға беруден табыс тапқан. Яғни, «Батыс-агро 2008» ЖШС Директорлар кеңесімен жүктелген негізгі мақсатты қызметтерді жүзеге асырмаған.

Сонымен қатар, Директорлар кеңесінің шешімінсіз Қоғаммен пайызсыз қарыздар «Батыс-Агро 2008» ЖШС-не беріліп отырған.

Аудитпен қамтылған кезең аралығында Қоғамның қаржылық есебінде «Батыс-Агро 2008» ЖШС ұзақ мерзімге алынған қарыз бойынша дебиторлық берешектері тіркелеген, ондағы:

15.05.2009 жылғы №7/1/09 ДБП шарты бойынша 31.12.2016 жылға – 17750,0 мың теңге, 31.12.2017 жылға – 17750,0 мың теңге, 31.12.2018 жылға – 17750,0 мың теңге;

10.08.2010 жылғы №10 шарты бойынша 31.12.2016 жылға – 30757,0 мың теңге, 31.12.2017 жылға – 30757,0 мың теңге, 31.12.2018 жылға – 30757,0 мың теңге;

16.06.2014 жылғы н.ж шарт заем бойынша 31.12.2016 жылға – 86444,0 мың теңге, 31.12.2017 жылға – 51663,0 мың теңге, 31.12.2018 жылға – 51663,0 мың теңге.

Ұсынылған деректерге сәйкес 2014 жылғы 16 маусымда нөмері жоқ пайызсыз қарыз шартына сәйкес Қоғамнан «Батыс-Агро 2008» ЖШС-не жалпы сомасы 231170,8 мың теңге пайызсыз қарыз берілген (бұдан әрі – Қарыз). Қарызды өтеу мерзімі 2015 жылғы 31 желтосанға дейін. Шартта қарыздың мақсаты көрсетілмеген.

2016 жылғы 01-30 қазан аралығындағы банк үзіндісіне сәйкес Қоғамнан «Батыс-Агро 2008» ЖШС-не аталған шартқа қосымша 5500,0 мың теңге пайызсыз қарыз берілген.

Жоғарыда берілген қарыз Ақтөбе облысының экономикалық дамуына жәрдемдесу болып табылмайды.

Сонымен, Қоғамның еншілес ұйымы түрінде 100% қатысуымен құрылған «Батыс-Агро 2008» ЖШС жарғыда және құрылтай шарттарында көзделген барлық мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асырмаған.

«Батыс-Агро 2008» ЖШС құрылған кезде Директорлар кеңесімен қойылған мақсатта қол жеткізбеген.

**8-тармақ.** Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 қазандағы № 1382 «Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды дамыту тұжырымдамасын мақұлдау туралы» қаулысымен мақұлданған «Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды дамыту ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ»-нда қаралған пайымына сәйкес активтерді тиімді басқаратын өңірлік даму институты бола тұра және табыстылыққа, тиімділікке ұмтылу талаптары сақталмай, Қоғам жалғыз акционерінің 2018 жылғы 7 тамыздағы №6 шешімімен бекітілген Жарғысының 4.1. тармағына қайшы, «Батыс-Агро 2008» ЖШС-не жалпы сомасы 100170,0 мың теңгеге Ақтөбе облысының экономикалық дамуына пайдасы жоқ қарыздар берілген. Бұзушылықтар сыныптауышысында көзделмеген. №9 қосымша 13 бетте *(Үстеме тексеру бойынша аудиторлық есептің, 2014 жылғы 16 маусымда нөмері жоқ, пайысыз қарыз шартының және төлем тапсырмасының көшірмесі жалғанады).*

#### **Сервистік-дайындау орталықтары**

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 66 «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңының 16-11 бабына сәйкес агроөнеркәсіптік кешенді орнықты дамыту, ауыл шаруашылығы құралымдарының және жеке қосалқы шаруашылықтардың өндірістік әлеуетін неғұрлым тиімді пайдалану, қайта өңдеуші кәсіпорындармен тікелей орнықты байланыстар орнату мақсатында сервистік-дайындау орталықтарын құру *(әрі қарай – СДО)* қаралған.

2010 жылдан бастап Қоғам ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын лизингке беру жолымен СДО құруға қатысқан. 2010 жылдан 2011 жылға дейінгі кезеңде 9 СДО құрылған, оларға бюджет қаражаттары есебінен қаржылық лизинг бойынша жеделдік, ақылылық, қамтамасыз ету, қайтарымдылық шартымен ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтары берілген болса, осы кезде кейбір СДО-мен сол қаражаттардың толық қайтарылуы қамтамасыз етілмеген. Атап айтқанда 2016 жылдың 1 қазанына Қоғамның алдында СДО-лар бойынша жалпы сомасы 79775,5 мың теңгеге дебиторлық берешектер қалыптасқан, ондағы:

- «Мәртөк» СДО бойынша 58502,0 мың теңге;
- «Тандем» СДО бойынша 8770,0 мың теңге;
- «Хроштау» СДО бойынша 12503,5 мың теңге.

2019 жылдың 1 қаңтарына осы дебиторлық берешектер толығымен өтелмеген, сонымен қоса «Мәртөк» СДО бойынша дебиторлық берешегі есептелінген сыйақы есебінен 92,8 мың теңгеге көбейіп 58594,8 мың теңге болған, жалпы барлық СДО-лар бойынша дебиторлық берешектер сомасы 79868,3 мың теңгені құраған. Осы берешектерді қайтару бойынша сот

шешімдері шығып, сот орындаушыларында орындалуда. Алайда аудитпен қамтылған кезеңде олардың қайтарылуы бойынша ешқандай өзгерістер жоқ.

Сонымен қоса бүгінгі күні лизинг шарттарының орындалмауына байланысты кейбір СДО-дан бастапқы құны 41968,2 мың теңге құрайтын 21 бірлік ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтары алынған. Аудит барысында сол техника мен жабдықтардың болуын анықтау мақсатында түгендеу жүргізілді. Түгендеумен 21 техникалар мен жабдықтардың 7 бірлігі жарамсыз күйде екендігі және қалған 8 бірлігі жоқ екендігі анықталды.

Бар техникалар мен жабдықтар Ақтөбе облысында Қоғамға қатысы жоқ ұйымдарда орналасқан және сол ұйымдармен уақытша сақтау бойынша ешқандай құжаттар рәсімделмеген.

Осылайша СДО құрып оларға техника мен жабдықтарды лизингке беру нәтижесінде 79868,3 мың теңге дебиторлық берешек бүгінгі күнге дейін қайтарылмауына байланысты және техника мен жабдықтар түрінде қайтарылған бастапқы құны 14190,6 мың теңге құрайтын 7 бірлік мүлік жарамсыз күйде болуына және бастапқы құны 21055,6 мың теңге құрайтын 8 бірлік мүлік жетіспеуіне байланысты көрсетілген қаражаттар тиімсіз шығындалғанын көрсетеді.

**9-тармақ.** Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 қазандағы № 1382 «Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды дамыту тұжырымдамасын мақұлдау туралы» қаулысымен мақұлдаған «Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды дамыту ТҰЖЫРЫМДАМАСЫНДА» қаралған пайымына сәйкес активтерді тиімді басқаратын өңірлік даму институты бола тұра және табыстылыққа, тиімділікке ұмтылу талаптары сақталмай, СДО құрып оларға техника мен жабдықтарды лизингке беру нәтижесінде **79868,3 мың теңге** дебиторлық берешек бүгінгі күнге дейін қайтарылмауына байланысты және техника мен жабдықтар түрінде қайтарылған бастапқы құны **14190,6 мың теңге** құрайтын 7 бірлік мүлік жарамсыз күйде болуына және бастапқы құны **21055,6 мың теңге** құрайтын 8 бірлік мүлік жетіспеуіне байланысты көрсетілген қаражаттардың тиімсіз шығындалғанын көрсетеді. Бұзушылықтар сыныптаушысында көзделмеген. №10 қосымша 19 бетте *(Тексеріп қарау актісі, мүлік бойынша ақпарат және айналым-сальдолық тізімнің кошірмесі жалғанды).*

Ұсынылған деректерге сәйкес бюджет қаражаттары есебінен Қоғаммен төмендегідей операторлық шығыстарға қаражаттар бөлінген, ондағы:

**2016 жылғы қазан-желтоқсан айларында:**

Хромтау қаласының бизнес-инкубатордың басқару және пайдалану бойынша операторлық қызметтеріне «Демеу 2030» Хромтау ауданы бойынша кәсіпкерлерді қоғамдық қолдау қорына 3360,0 мың теңге қаражат аударылған;

**2017 жылы:**

- Хромтау қаласының бизнес-инкубатордың басқару және пайдалану бойынша операторлық қызметтеріне «Демеу 2030» Хромтау ауданы бойынша кәсіпкерлерді қоғамдық қолдау қорына 6720,0 мың теңге қаражат аударылған;

- Ақтөбе қаласы Индустриялық аймақ инженерлік жүйелерін қамтамасыз ету бойынша операторлық қызметтеріне ««Ақтөбе» индустриялық аймағын басқару компаниясы» ЖШС-не 126609,0 мың теңге қаражат аударылған;

**2018 жылы:**

- Хромтау қаласының бизнес-инкубатордың басқару және пайдалану бойынша операторлық қызметтеріне «Демеу 2030» Хромтау ауданы бойынша кәсіпкерлерді қоғамдық қолдау қорына 8000,0 мың теңге қаражат аударылған;

- Ақтөбе қаласы Индустриялық аймақ инженерлік жүйелерін қамтамасыз ету бойынша операторлық қызметтеріне ««Ақтөбе» индустриялық аймағын басқару компаниясы» ЖШС-не 107089,0 мың теңге қаражат аударылған.

Осы операторлық шығындарға деп бөлінген қаражаттарды зерделеумен төмендегідей анықталды:

**««Ақтөбе» индустриялық аймағын басқару компаниясы» ЖШС**

Экономиканың басым секторларына отандық және шетелдік инвестицияларды тарту үшін жағдай жасау мақсатында, сондай-ақ әлемдік стандарттарға жауап беретін қазіргі заманғы өнеркәсіптік-өндірістік кешендер құру үшін Ақтөбе қаласында Индустриялық аймақ құру көзделген.

Ұсынылған деректерге сәйкес Индустриялық аймақтың құрылысына жергілікті бюджеттен жалпы сомасы 4827923,4 мың теңге қаражат бөлініп құрылыс монтаж жұмыстары жүргізілген. «Ақтөбе облысының қаржы басқармасы» ММ-мен Серіктестікке осы кезге дейін тек жалпы сомасы 2451942,5 мың теңге құрайтын инженерлік желілері мен құрылыстары сенімгерлік басқаруға берілген. Қалған 2375980,9 мың теңгенің инженерлік желілері мен құрылыстары осы кезге дейін Серіктестікке берілмеген.

Уақыттылы берілмеу салдарынан «Ақтөбе облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы» ММ-мен *(әрі – қарай Құрылыс басқармасы)* ұсынылған деректеріне сәйкес осы кезде жобамеі 93 км. құрайтын А240 / 32 маркалы сымы және ВЛ-110 электр беру желілерінің болат тіректері ұрланған. Сәйкесінше осы кезге Индустриялық аймақтың өнеркәсіп кәсіпорындарының технологиялық мұқтаждықтарын қамтамасыз етуге электроэнергияны «Ақтөбе рельс-арқалық зауыты» ЖШС-нен алынуда.

Ұсынылған деректерге сәйкес Индустриялық аймақ құрылған күннен бастап осы кезге дейін 117 га жерде орналасқан 5 жоба пайдалануға берілген, немесе жобаланған 155 га жердің іске қосылған жобалар тек 7,5% ғана құрайды және 300 жұмыс орны ашылған, ондағы:

№ р/р	Жобаның іске қосылу мерзімі	ИА қатысушысының атауы	Өнімнің атауы	Жобаның алаңы, га	Құрылған жұмыс орындары



1	2017 жыл	«Талан технолоджи»ЖШС	жаракат қауіпсіз жабындары (травмобезопасные покрытия)	2	35
2	2017 жыл	«Ақтобе Топса Пласт»ЖШС	ангифриз және химиялық реагенттер	1	15
3	2017 жыл	«Жедел плюс»ЖШС	үш қабатты қабырға блоктары	2,7	70
4	2018 жыл	«Поливест»ЖШС	полиэтилен өнімдері	1	60
5	2018 жыл	«Компания Фазтон»ЖШС	көліктік логистикалық орталығы	5	120
<b>Барлығы</b>				<b>11,7</b>	<b>300</b>

««Ақтөбе» индустриялық аймағын басқару компаниясы» ЖШС-гін құру кезінде жасалған ҚЭН-ге сәйкес түпкілікті нәтиже 2016 жылы 300, 2017 жылы 1200, 2018 жылы 1500 жаңа жұмыс орындарын құру болса нақтысында ұсынылған деректерге сәйкес 2016 жылы жобалардың жүзеге асырылмауына байланысты жұмыс орындары құрылмаған, 2017 жылы іске қосылған 3 жоба бойынша 120 жұмыс орны, 2018 жылы іске қосылған 5 жоба бойынша 300 жұмыс орындары құрылған.

ҚЭН-сәйкес, негізгі табыс көзі индустриялық аймақ қатысушыларына коммуналдық қызметтерді сатудан және қарыз қаражаттар арқылы түсетін түсімдер болса, осы кезге дейін жоспарланған жобалар толық іске асырылмау салдарынан Серіктестік өзі өзін қамтамасыз ете алмай, жергілікті бюджеттен оның күнбе күндік ағымдағы шығындарын жабуға 2017 жылы 126609,0 мың теңге, 2018 жылы 107089,0 мың теңге қаражат бөлініп отырған.

Сондай ақ, Серіктестік өзі өзін қамтамасыз ете алмауына қарамастан, Индустриялық аймақ толық қуаттылықта жұмыс істемеген кезінде, ондағы орналасқан электр, су құбырлар мен кәріз желілерін толығымен күтіп ұстауға және техникалық қызмет көрсетуге қомақты көлем қаражаттар шығындалған, ондағы жалпы сомасы 2017 жылы 48260,0 мың теңгеге, 2018 жылы 42945,3 мың теңгеге келісім шарттар жасалып қаражаттар аударылған.

Осы кезге дейін Индустриялық аймақтың құрылысына жергілікті бюджеттен 4 827 923,4 мың теңге қаражат бөлінгенімен, Индустриялық аймақты тиімді басқару мақсатында Серіктестікті құру кезінде оның жарғылық капиталын қалыптастыруға 50000,0 мың теңге бөлінгенімен, Серіктестік өзі өзін қамтамасыз ете алмай салдарынан оның ағымдағы шығындарына жалпы сомасы 233 698,0 мың теңге бөлінгенімен нәтиже болмай жатыр. Себебі 2016 жылдан бастап осы кезге дейін жобаларға жоспарланған 155 га жердің тек іске қосылған 5 жоба бойынша 11,7 га ғана пайдаланылған, немесе тек 7,5 % ғана.

Оған қоса іске қосылған немесе іске қосылатын жобалардың ішінде кейбір жобалары өңірде теңдесі жоқ бірегей заманауи өндірістерге жатпайды.

Келтірілген мәліметтерге сәйкес Қоғам тарапынан Индустриялық аймаққа инвестициялар тарту жұмыстарының осалдық жүргізілгенін көрсетіп отыр.

Дамудың жоспарлы көрсеткіштерінің, сондай-ақ ҚЭН-де қаралған индикаторларының орындалмауын ескере отырып, Индустриялық аймақ рентабельді қызметті және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ете алмай отыр.

**10-тармақ.** Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 қазандағы № 1382 «Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды дамыту тұжырымдамасын мақұлдау туралы» қаулысымен мақұлдаған Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды дамыту ТҰЖЫРЫМДАМАСЫнда қаралған пайымына сәйкес активтерді тиімді басқаратын өңірлік даму институты бола тұра және табыстылыққа, тиімділікке ұмтылу талаптары сақталмай, Жалғыз акционерінің 2018 жылғы 07 тамыздағы №6 шешімімен бекітілген Қоғам Жарғысының 4.1. тармағына қайшы Қоғам тарапынан Индустриялық аймаққа инвестициялар тарту жұмыстарының осалдық жүргізілуіне байланысты түпкілкті нәтижеге толық қол жеткізілмей, Индустриялық аймақ құрылғанымен Ақтөбе облысының экономикасына осы кезге дейін тиісті әсері болмай жатыр. Бұзушылықтар сыныптаушысында көзделмеген. №11 қосымша 11 бетте (Үстеме тексеру аудиторлық есебінің көшірмесі жалғанды).

#### **Бизнес-инкубатор жобасы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 23 шілдедегі №819 ««Ақтөбе» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының 2014 - 2023 жылдарға арналған даму стратегиясын бекіту туралы» қаулысына сәйкес өңірдегі бизнес-инкубаторларын ұйымдастыру және олардың жұмыс істеуі 2016 жылға жоспарланған.

Жобаның мақсаты - ісін жаңадан бастаған кәсіпкерлер үшін өндірістік және офистік үй-жайларды даму кезеңіне ең төменгі жалдау ақысымен ұсыну.

«Бизнестің жол картасы-2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы аясында Қоғам Хромтау қаласындағы бизнес-инкубатор құру мен дамыту жөніндегі оператор болып табылады.

2016 жылғы 16 мамырда Хромтау ауданы, Хромтау қаласы, П.Долгова көшесі, №48 орналасқан жалпы алаңы 4294,59 ш.м. құрайтын «Бизнес-инкубатор» ғимаратын (бұдан әрі – Бизнес-инкубатор) «Хромтау аудандық қаржы бөлімі» ММ-сі сенімгерлік басқаруға беру шартына сәйкес Қоғамға берілген.

Бұл ретте, ғимарат сенімгерлік басқаруға беру Қоғамның меншігіне ауысқан жоқ және Қоғам бизнес-инкубатордың теңгерім ұстаушысы болып табылмайды.

Қоғам 2016 жылғы 01 шілдеде Бизнес-инкубатор объектісін басқару және пайдалану (қызмет көрсету) бойынша Операторлық қызмет көрсетуге «Демеу 2030» Хромтау ауданы бойынша кәсіпкерлерді қоғамдық қолдау қорымен (бұдан әрі – Оператор) шарт жасасқан. Шарттың мәні: Бизнес-инкубаторды ұстау және қызмет көрсету бойынша қызметтер. Оператор қызметкерлерінің жалпы саны 9 адамды құрайды. Ай сайынғы еңбекақы төлеу қоры 560,0 мың теңге (оның ішінде: директор – 160,0 мың теңге, бухгалтер –

90,0 мың теңге, 2 еден жуушы – 80,0 мың теңге, сантехник – 40,0 мың теңге, электрик – 40,0 мың теңге және 3 күзетші – 150,0 мың теңге).

Операторлық шығындарды өтеу шарттары мен тәртібіне қатысты мәселесі бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 наурыздағы №168 «Бизнестің жол картасы-2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасын бекіту, «Бизнестің жол картасы 2020» іске асыру жөніндегі кейбір шаралар туралы» қаулысының 214-тармағының 3) тармақшасында инвестициялар тарту және бизнес-инкубатор қызметін қаржыландыру мәселелерін шешу және 215-тармағында бизнес-инкубаторларды құру және дамыту бойынша ӘКК операторлық көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу Бағдарламаның өнірлік үйлестірушілері мен ӘКК арасында бизнес-инкубаторларды құру және дамыту бойынша өтеулі қызметтер көрсету туралы жасалған шарттың негізінде жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатыны айқындалған.

Осыған орай, Қоғам және «Ақтөбе облысының кәсіпкерлік басқармасы» ММ арасында Хромтау қаласының бизнес-инкубаторды дамытуға арналған Қоғамының операторлық көрсетілетін қызметтері бойынша 2016-2018 жылдары жалпы сомасы 18080,0 мың теңгеге мемлекеттік сатып алу туралы шарттары жасалған. Оның ішінде: 2016 жылға – 3360,0 мың теңге, 2017 жылға – 6720,0 мың теңге және 2018 жылға – 8000,0 мың теңге құраған.

«Бизнес-инкубатор» жобасының әлеуметтік бағыты бар. Кәсіпкер жалға алатын үй-жайлар ең төменгі мөлшерде (ш.м. не 300-350 теңге) беріледі. Қоғам жобадан материалдық пайда алмайды. Үй-жайларды жалдаудан алынатын барлық қаражат бизнес-инкубатордың коммуналдық қызметтері төлеуге жіберіледі.

Аудитпен қамтылған кезең аралығында бизнес-инкубатордан Қоғамға барлығы 21507,0 мың теңге кіріс түскен, оның ішінде жергілікті бюджеттен 16400,0 мың теңге және бизнес-инкубаторды кәсіпкерлерге жалға беруден 5107,0 мың теңге. Сол аталған кезеңге бизнес-инкубаторды жалпы шығыны 19843,1 мың теңгені құрайды, оның ішінде, Оператордың қызметіне 15542,8 мың теңге және коммуналдық қызметке 4800,3 мың теңге.

Техникалық паспортқа сәйкес Бизнес-инкубатор ғимаратының жалпы ауданы 3321,4 ш.м. құрайды, жалпы пайдалы ауданы – 2581,6 ш.м. құрайды. Оның ішінде: өндірістік – 801,2 ш.м., кеңселік – 329,2 ш.м., қойма – 57,8 ш.м., ангар – 1267 ш.м. және акт залы – 126,4 ш.м.

Ұсынылған деректерге сәйкес 2019 жылғы 01 қаңтар күніне бизнес-инкубатордың толымдығы жалпы 1855,7 ш.м. немесе 71,8% құрайды. Осы алаңдар 21 жеке кәсіпкерлерге және 2 мемлекеттік ұйымдарға жалға берілген. Сонымен қатар, 2019 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша жалға алушылардан жалпы сомасы 1710,0 мың теңгеге дебиторлық берешек қалыптасқан.

Көрсетілген мәліметтерге сәйкес Хромтау ауданы бойынша шағын кәсіпкерлердің қалыптасуы мен дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасау мақсатында «Бизнес-инкубатор» жобасы жүзеге асырылғанымен, осы кезге

дейін бизнес-инкубатордың толымдығы жалпы 1853,7 ш.м. немесе 71,8% құрауына байланысты, оған қоса кәсіпкерлерге қатысы жоқ мемлекеттік мекемелерге алаңдар жалға берілуіне байланысты, Жоба тиімді жүзеге асырылмай жатырғанын көрсетеді.

**11-тармақ.** Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 қазандағы № 1382 «Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды дамыту тұжырымдамасын мақұлдау туралы» қаулысымен мақұлданған Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды дамыту ТҰЖЫРЫМДАМАСЫнда қаралған пайымына сәйкес активтерді тиімді басқаратын өңірлік даму институты бола тұра және табыстылыққа, тиімділікке ұмтылу талаптары сақталмай, Хромтау ауданы бойынша ісін жаңадан бастаған кәсіпкерлер үшін Қоғаммен тиісті іс-шаралады жүргізбеуіне байланысты бизнес-инкубатор ғимаратының 727,9 ш.м. немесе 28,2% бос тұр. Яғни, Қоғам бизнес-инкубатор ғимаратын ісін жаңадан бастаған жеке кәсіпкерлерге толық жалға берілгенде жергілікті бюджет шығын көлемі азаяды. Бұзушылықтар сыныптаушысында көзделмеген. №12 қосымша 21 бетте *(Жалға алушылардың коммуналдық қызмет кестесі, салыстырмалы актілер және мүлікті сенімгерлік басқару туралы келісімнің, жылжымайтын объектісіне қызмет көрсету келісімінің көшірмелері жалғанады).*

Тұрақтандыру қорына тауарларды сатып алудың негізділігін зерделеумен төмендегідей деректер анықталды.

#### **«Базарларды басқару» ЖШС**

Қоғам тұрақтандыру қорының азық-түлік тауарларын қалыптастыру және пайдалану бойынша «Базарларды басқару» ЖШС-не 168 852,0 мың теңгеге 2016 жылғы 20 мамырдағы келісім шарты жасалған, 2016 жылғы 17 қарашада қосымша келісім шартымен 149 203,0 мың теңге көбейтіліп келісі шарт сомасы 318 055,0 мың теңге құраған.

Өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне сәйкес Қоғаммен «Базарларды басқару» ЖШС-не барлығы 244003,0 мың теңге аударылды.

- Жобаның мақсаты: «Тұрақтандыру қорының азық-түлік тауарларын қалыптастыру және пайдалану» мемлекеттік бағдарламасын іске асырып тиімді басқару;

- Жобаны іске асыру орны (өңір): – Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы;

- Жобаның қызметі мен міндеттері: Әлеуметтік маңызы бар тауарларға бағаны тұрақтандыру, сондай-ақ «Тұрақтандыру қорының азық-түлік тауарларын қалыптастыру және пайдалану» мемлекеттік бағдарламасын шығынсыз іске асыру;

- Жобаны іске асыру мерзімі – 2018 жылғы 30 сәуірге дейін.

Жобаны іске асыру шарттары:

Тараптар Қоғам 1-Тарап ақша қаражатын береді, ал Серіктестік 2-Тарап заңнамаға қайшы келмейтін «Тұрақтандыру қорының азық-түлік тауарларын

қалыптастыру және пайдалану» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде ақша қаражатын пайдаланады деп уағдаласты.

2-Тараптың қызметі осы шартқа қол қойылған сәттен бастап жобаны тез арада іске асыру мақсатына бағыну тиіс және қатаң сәйкестікте жүзеге асырылуы тиіс.

1-Тарап тұрақтандыру қорының азық-түлік тауарларын сатып алу үшін 168 852 000 (бір жүз аспыс сегіз миллион сегіз жүз елу екі мың) теңге аударуға міндеттенеді.

2-Тарап азық-түлік тауарларын қалыптастыру және пайдалану бағдарламасын іске асыру шеңберінде 2-Тарап облыстың тұрақтандыру қорын басқару жөніндегі комиссия отырысының хаттамаларын басшылыққа ала отырып, қор өнімдерін сатып алады, сақтауды және сатуды жүргізеді.

Бұдан әрі Қоғам тұрақтандыру қорының азық-түлік тауарларын қалыптастыру және пайдалану бойынша «Базарларды басқару» ЖШС-мен 309 003,0 мың теңгеге, оның ішінде: ақшалай – 100 000,0 мың теңге, заттай мәндегі ауыспалы активтер – 209 003,0 мың теңгеге 2018 жылғы 19 шілдеде келісім шарты жасалынып берілген.

- Жобаның мақсаты: «Тұрақтандыру қорының азық-түлік тауарларын қалыптастыру және пайдалану» мемлекеттік бағдарламасын іске асырып тиімді басқару;

- Жобаны іске асыру орны (өңір): – Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы;

- Жобаның қызметі мен міндеттері: Әлеуметтік маңызы бар тауарларға бағаны тұрақтандыру, сондай-ақ «Тұрақтандыру қорының азық-түлік тауарларын қалыптастыру және пайдалану» мемлекеттік бағдарламасын шығынсыз іске асыру;

- Жобаны іске асыру мерзімі – 2021 жылғы 1 маусымға дейін.

Осы Жобаны іске асыру мақсатында төмендегідей тауарлар алынған:

Жыл	Жеткізуші	Аймақ	Аты	Көлемі тонна	Сатып алу бағасы	Сатып алу сомасы мың теңге
2016-2017	"СХФ Пригородный" ЖШС 2016ж.04.08 №35 келісім шарт	Ақтөбе қаласы	Сәбіз	136	45	6 120
			Қызылша	10	55	550
			Картоп	1000	50	50 000
			Орамжапырақ	68	30	2 040
	"Дау баян" ЖШС 2016ж.10.11 №18 келісім шарт	Тараз қаласы	Пияз	200	35	7 000
"Ақтөбе Фудс" ЖШС	Ақтөбе қаласы	Күнбағыс майы	200,01	300	60 003	
"Степное" ЖШС 2016ж.09.11 №24 келісім шарт	Ақтөбе облысы	Ұн 1 сұрып	150	86	12 900	

	"Центральноазиатская Сахарная Корпорация" ЖШС 2016ж.11.11 №072/007/2016 келісім шарт	Алматы қаласы	Қант	340	220	74 800
	"Тасболат-А" ЖШС 2016ж.10.11 №19 келісім шарт	Қызылорда қаласы	Күріш	176	165	29 040
	«Ақтөбе» ӘКК» ҰК» АҚ	Ақтөбе қаласы	Қарақұмық	20	220	4 400
<b>2016-2017 ЖЫЛ ЖИЫНЫ</b>				<b>2300,01</b>		<b>246 853</b>
2017 - 2018	"Dzhan" ЖШС	Ақтөбе облысы	Картоп	200	55	11 000
	"СХФ Пригородный" ЖШС 2017ж.09.06 №5 келісім шарт және 2017ж.27.11 №1 қосымша келісім шарт	Ақтөбе қаласы	Картоп	900	55	49 500
			Пияз	4200	45	9 000
			Орамжапырақ	100	45	4 500
	"Мир" ШҚ 2017ж.16.11 №7 келісім шарт	Тараз қаласы	Сәбіз	200	55	11 000
	"Заря" ШҚ 2018ж.07.02 №10 келісім шарт	Павлодар облысы	Картоп	400	110	44 000
"Ақтөбе Фудс" ЖШС	Ақтөбе қаласы	Күнбағыс майы	200	284,5	56 900	
<b>2017-2018 ЖЫЛ ЖИЫНЫ</b>				<b>2200</b>		<b>185 900</b>
2018 - 2019	"СХФ Пригородный" ЖШС	Ақтөбе қаласы	Картоп	500	60	30 000
			Пияз	200	48	9 600
			Сәбіз	100	58	5 800
			Орамжапырақ	80	48	3 840
			Картоп	300	58	17 400
	"Dzhan" ЖШС	Ақтөбе облысы	Картоп	147,6	55	8 118
"Ақтөбе" ЖШС 2018ж.01.11 №3 келісім шарт	Ақтөбе облысы	Картоп	500	60	30 000	
<b>2018-2019 ЖЫЛ ЖИЫНЫ</b>				<b>1827,6</b>		<b>104 758</b>
2019-2020	"СХФ Пригородный" ЖШС	Ақтөбе қаласы	Картоп	1000	58	58 000
			Пияз	200	53	10 600
			Сәбіз	100	58	5 800
			Орамжапырақ	100	58	5 800
			Картоп	400	60	24 000

2019-2020 ЖЫЛ ЖИНЫ	1800	104 200
Барлығы:	8127,61	641 711

Дегенмен, жобаның іске асырылуын зерделеу барысында тиімді түрде талдау жүргізілмей, ресми статистикалық ақпаратқа жүгінбей (Ақтөбе облысындағы картоптың нақтыланған егістік алаңы, 2016ж. – 6,0 мың гектар, 2017ж. – 6,2 мың гектар, 2018ж. – 6,3 мың гектар егілген. Картоптың өнімділігі 2016ж. – 155,6 центнер бір гектардан, 154,5 центнер бір гектардан, 163,4 центнер бір гектардан алынған. Картоптың жалпы жиыны 2016ж. – 92,7 мың тонна, 2017ж. – 95,0 мың тонна, 2018ж. – 103,4 мың тонна алынған.) Павлодар облысынан жол шығынын есептегенде 1 кг. 110 теңгеден 400 тонна картоп сатып алынғаны анықталды. Оған қоса Оңтүстік өңірден алынған сәбіз өнімдері тұтынушылар тарапынан сұранысқа ие болмаған сонымен қатар, сатып алынған сәбіздің 40%-ы шіріп кеткен. Азық-түлік тауарларының тұрақтандыру қорын басқару жөніндегі комиссия отырысының хаттамаларында Комиссия мүшелері сатып алуға жататын тауарлардың тізбесінен, олардың көлемінен және оларға бекітілген сатып алу бағаларынан басқа тауар өндірушілерінде көрсетіп отырған. Құмшекерді сатып алуды тиімсіз жоспарлаған. Яғни, 2016 жылғы келісім-шарт аясында тұрақтандыру қорын қалыптастыру және пайдалану бойынша 244 003,0 мың теңге бюджет қаражатының іс жүзінде тиімсіз пайдаланылған, соның нәтижесінде өңірде бағаны төмендету бойынша міндеттерге қол жеткізілмеген.

**12-тармақ.** Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 қазандағы № 1382 «Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды дамыту тұжырымдамасын мақұлдау туралы» қаулысымен мақұлданған Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды дамыту ТҰЖЫРЫМДАМАСЫнда қаралған пайымына сәйкес активтерді тиімді басқаратын өңірлік даму институты бола тұра және табыстылыққа, тиімділікке, дұрыс талаптары сақталмай, тиімді түрде талдау жүргізілмей, ресми статистикалық ақпаратқа жүгінбей Павлодар облысынан жол шығынын есептегенде 1 кг. 110 теңгеден 400 тонна картоп сатып алынған. Оңтүстік өңірден алынған сәбіз өнімдері тұтынушылар тарапынан сұранысқа ие болмаған сонымен қатар, сатып алынған сәбіздің 40%-ы шіріп кеткен. Азық-түлік тауарларының тұрақтандыру қорын басқару жөніндегі комиссия отырысының хаттамаларында Комиссия мүшелері сатып алуға жататын тауарлардың тізбесінен, олардың көлемінен және оларға бекітілген сатып алу бағаларынан басқа тауар өндірушілерінде көрсетіп отырған. Құмшекерді сатып алуды тиімсіз жоспарлаған. Яғни, 2016 жылғы келісім-шарт аясында тұрақтандыру қорын қалыптастыру және пайдалану бойынша **244 003,0 мың теңге** бюджет қаражатының іс жүзінде тиімсіз пайдаланылған, соның нәтижесінде өңірде бағаны төмендету бойынша міндеттерге қол жеткізілмеген. Бұзушылықтар сыныптаушысында



көзделмеген. №13 қосымша 20 бетте (2019 жылғы 29 сәуірдегі №1 аудиторлық есептің көшірмесі қоса жалғанады).

#### «СДО «Қарғалы» ЖШС

2011 жылғы 06 қазанда Қоғаммен «СДО «Қарғалы» ЖШС арасындағы «Ақтөбе облысының аймақтық тұрақтандыру қорын қалыптастыру және қолдану бойынша ортақ қызметі» келісім шарты негізінде Ақтөбе облысының аймақтық тұрақтандыру қорын қалыптастыруда екі жақ қарым-қатынасы, құқықтары мен міндеттері, қаржылық шығыстары және материалдық шығындарды бөлуі жүргізілді. Сатып алынатын тауарлардың тізімі, көлемі және мерзімі комиссиямен анықталады. Сондай-ақ тұрақтандыру қорының тауарларын қолдану комиссия отырысының негізінде бекітілген баға мен көлем мөлшерінде өндіріледі.

Тұрақтандыру қорын қалыптастыру және қолдану мақсатында тауарларды сақтау, талдау және брокерлік қызмет көрсету бойынша келісім шарттар жасалынған.


Дегенмен Қоғаммен «СДО «Қарғалы» ЖШС арасындағы, «Ақтөбе облысының аймақтық тұрақтандыру қорын қалыптастыру және қолдану бойынша ортақ қызметі» түпкі нәтижеге қол жеткізілмей, тиімді түрде жүзеге асырылмаған, соның салдарынан Қоғаммен берілген қаражат қайтарылмай 2019 жылғы 01 қаңтарына 248 926,4 мың теңге дебиторлық берешек қалыптасқан.


**13-тармақ.** Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 қазандағы № 1382 «Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды дамыту тұжырымдамасын мақұлдау туралы» қаулысымен мақұлданған Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды дамыту ТҰЖЫРЫМДАМАСЫнда қаралған пайымына сәйкес активтерді тиімді басқаратын өңірлік даму институты бола тұра және табыстылыққа, тиімділікке ұмтылу талаптары сақталмай, Қоғаммен «СДО «Қарғалы» ЖШС арасындағы, «Ақтөбе облысының аймақтық тұрақтандыру қорын қалыптастыру және қолдану бойынша ортақ қызметі» түпкі нәтижеге қол жеткізілмей, тиімді түрде жүзеге асырылмаған, соның салдарынан Қоғаммен берілген қаражат қайтарылмай 2019 жылғы 01 қаңтарына 248 926,4 мың теңге дебиторлық берешек қалыптасып, қаражаттар тиімсіз шығындалған. Бұзушылықтар сыныптаушысында көзделмеген. №14 қосымша 4 бетте (2011 жылғы 5 қазандағы №11 хаттаманың, салыстыру актісінің көшірмелері қоса жалғанады).

#### «Рамазан» ІІК

2018 жылғы 5 қарашадағы №99-ТС облыс әкімінің төрағалығымен «Ақтөбе» индустриялық аймақта өткен жиналыстың хаттамасына сәйкес, Қоғамға аудан әкімдерімен бірлесіп аудандарда азық-түлік тауарларын тұрақтандыру қорларын құру мәселесінің пысықталуы ұсынылған.

2018 жылғы 04 желтоқсанда Темір ауданында азық-түлік тауарларына бағаны тұрақтандыру және реттеу жөніндегі ынтымақтастық туралы





меморандум құрылып «Рамазан» шаруа қожалығы Операторы болып тағайындалған.

2018 жылғы 14 жетоқсанда Қоғам мен «Рамазан» ШҚ арасында реттелетін тауарларға бағаларды тежеу үшін нысаналы қарыз шарты жасалып шаруа қожалығына 2019 жылғы 31 желтоқсанға дейін 8800,0 мың теңге берілген.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі №66 «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңының 19-3 бабына сәйкес, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыру және пайдалану қағидаларына сәйкес азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастырады және пайдаланады.

Алайда, Қоғам азық-түлік тауарларының аудандық тұрақтандыру қорын қалыптастырған.

**14-тармақ.** Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі №66 «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңының 19-3 бабына қайшы, Қоғам азық-түлік тауарларының аудандық тұрақтандыру қорын қалыптастырған. Бұзушылықтар сыныптаушысында көзделмеген. №15 қосымша 14 бетте (2018 жылғы 5 қарашадағы №99-ТС хаттаманың, Темір ауданында азық-түлік тауарларына бағаны тұрақтандыру және реттеу жөніндегі ынтымақтастық туралы меморандумның және келісім шарттың көшірмелері қоса жалғанады).

**Базалық көрсеткіші:**

2. Белгіленген міндеттерді іске асыру бойынша Қоғам қызметінің нәтижелілігі, жоспарлы көрсеткіштерге қол жеткізілмеу себептері және қызметтің рентабельділігі.

**Арнайы көрсеткіші:**

1) іс жүзінде іске асырылған міндеттер мен функциялардың қоғам жарғысында көзделген жағдайы санға арақатынасы;

2.1.4. Әкімшілік шығындары (қызметтік жеңіл автокөліктердің тиесілі лимитін, әкімшілік қызметкерлерді орналастыру алаңының нормасы, іссапар шығындарын өтеу және т.б.) бекітілген нормаларымен сәйкестігі.

2.1.4.1. Аудит бағдарламасының мәселесін талдау, соның ішінде: ұсынылған деректерге сәйкес Қоғамның аудитпен қамтылған кезең аралығында әкімшілік шығындары келесідей:

Шығындар атауы	2016 жылғы қазан-желтоқсан	2017 жыл	2018 жыл
Амортизация	11325,6	41797	41340,5
Автокөлікті жалға алу	885,7	2143	2678,6
Аудиторлық қызмет		1000	1000

Коммуналдық қызмет	518,1	1107	4859,4
Мемлекеттік қызмет, төлемдер және салықтар	17604,4	41194	8321
Іссапар шығындары	1411,6	4450	5422,7
Занды және банк қызметі	112,7	687	466,4
Еңбек ақы	19834,8	72048	72601,6
Құрал-жабдықтар және көліктерді жөндеу		542	1748,4
Полиграфиялық және почталық қызметтер	402,5	925	2927,1
Ғимарат және аумағына қызмет шығындары	971,2	1972	1149,2
Байланыс және интернет шығындары	242,3	1609	2570,2
Жалға алу шығындары	1720,5	5857	2911,9
Көлік және техникалық қызметтер	265,7	1444	880,5
Тауарлық материалдық құндылықтар және жанар-жағармай есептен шығару	705,2	3290	8181,2
Жарнама шығындары	355,4	795	1197,4
Өзгеде шығындар	10314,6	13065	23489,4
<b>Барлығы</b>	<b>66670,3</b>	<b>193925</b>	<b>181745,5</b>

Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 01 тамыздағы №138 хаттамасы негізінде Қоғаммен бекітілген штаттық кестеде бірлік саны 28-ді құрайды. Оның ішінде:

- Басшылық – 5 бірлік;
- Бухгалтерлік есеп және есеп беру департаменті – 3 бірлік;
- Бизнес-жобалар департаменті – 3 бірлік;
- Инвестициялар тарту басқармасы – 3 бірлік;
- Қаржы мониторингі, бюджеттік жоспарлау және тәуекелдерді басқару департаменті – 4 бірлік;
- Жер қойнауын пайдалану басқармасы – 2 бірлік;
- Құқықтық қамтамасыз ету департаменті – 3 бірлік;
- МЖК дамыту департаменті – 3 бірлік;
- Астана қ. ӘКК "Ақтөбе" өкілі – 1 бірлік;
- Корпоративтік хатшы – 1 бірлік;

Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 01 қарашадағы №181 хаттамасы негізінде Қоғаммен бекітілген штаттық кестеге толықтырулар мен өзгерістер енгізіліп, бірлік саны 33-ті құраған. Оның ішінде:

- Басшылық – 3 бірлік;
- Экономика және қаржы департаменті – 1 бірлік;
- Экономика және бюджетті жоспарлау бөлімі – 2 бірлік;
- Бухгалтерия – 2 бірлік;
- Активтерді басқару департаменті – 1 бірлік;
- Қаржы мониторингі басқармасы – 1 бірлік;
- Жер қойнауын пайдалану басқармасы – 2 бірлік;
- Жобаларды әзірлеу және басқару департаменті – 2 бірлік;
- Инвестицияларды дамыту басқармасы – 2 бірлік;
- Инвесторларға қызмет көрсету орталығы – 1 бірлік

- Мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру бойынша департаменті – 1 бірлік;
- Агроөнеркәсіптік кешен басқармасы – 1 бірлік;
- Құрылыс басқармасы – 1 бірлік;
- Шағын және орта бизнес басқармасы – 3 бірлік;
- Құқықтық қамтамасыз ету департаменті – 2 бірлік;
- Мемлекеттік жеке меншік әріптестік басқармасы – 2 бірлік;
- Персонал және іс қағаздарын жүргізу басқармасы – 3 бірлік;
- Астана қ. ӘКК "Ақтөбе" өкілі – 1 бірлік;
- Аудитор – 1 бірлік;
- Корпоративтік хатшы – 1 бірлік.

Аудитпен қамтылған кезең аралығында Қоғаммен қызметкерлерінің еңбекақы мөлшері штаттық кестеге сәйкес есептелген.




Одан басқа, «Батыс-Агро 2008» ЖШС-нің 7 бірлік қызметкердің көмегі Қоғамға ұсынылған. Оның ішінде, Директор орынбасары – 1 бірлік, Персонал қызметі бойынша менеджері – 1 бірлік, Ақпараттандыру бойынша менеджері – 1 бірлік, Жоспарлау және активтермен жұмыс бойынша менеджері – 1 бірлік, Көлік жүргізіші – 2 бірлік және Еден жуушы – 1 бірлік.

Аудитпен қамтылған кезең аралығында Қоғамға ұсынылған қызмет көмектері бойынша жалпы шығын 26717,5 мың теңге құрайды. Оның ішінде, 2016 жылғы қазан-желтоқсан айы аралығында - 5178,0 мың теңге, 2017 жылы – 11420,0 мың теңге және 2018 жылы - 10119,5 мың теңге.

Қоғамның штаттық бірлігі бойынша нақты жұмыс атқарған қызметкерлер бірлігінде бос лауазымдық орындар тіркелген. Оның ішінде, 2016 жылғы қазан-желтоқсан айы аралығында 5 бірлік, 2017 жылы 6 бірлік, 2018 жылғы қаңтар-қазан аралығында 4 бірлік және 2018 жылғы қараша-желтоқсан аралығында 4 бірлік.

Аудитпен қамтылған кезең аралығында Қоғамда қалыптасқан бос орын бірліктері бойынша жоқ қызметкердің міндеттерін орындағаны үшін қызметкерлерге жалпы сомасы 4972,4 мың теңге үстемақы төленген.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы №1266 «Акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі ұлттық басқарушы холдингтердің (Ұлттық әл-ауқат қорын қоспағанда), ұлттық холдингтердің және ұлттық компаниялардың, сондай-ақ ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің құрамына кіретін ұлттық компаниялардың (Ұлттық әл-ауқат қоры тобының құрамына кіретін ұлттық компанияларды қоспағанда) әкімшілік шығыстарының жекелеген түрлерінің лимиттерін және оларға мониторинг жүргізу тетігін айқындау және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» қаулысының 14 тармағына сәйкес автомобильдер саны 2 бірлік қаралған. Қоғамның балансындағы 2 қызметтік автокөлік ұсталған. Оның ішінде Toyota Land Cruiser автокөлігі және Skoda Superb B8 автокөлігі. Алайда, бекітілген лимиттен бөлек Қоғам «Батыс-Агро 2008» ЖШС-нен келісім-шарт негізінде қосымша 2 жеңіл автокөлік құралы жалға алынып, жалпы сомасы

5800,0 мың теңгеге тиімсіз шығысталған. Аудитпен камтылған кезеңде «Батыс-Агро 2008» ЖШС-нен Қоғамға автокөлік құралдарын жалға беруден жалпы сомасы 5800,0 мың теңге шығысталған, ондағы: 2017 жылы – 2400,0 мың теңге, 2018 жылы – 3400,0 мың теңге.

Жоғарыдағы мәліметтерге сәйкес Қоғам штат бірліктері толық жинақталмауы, қызметкерлерге қосымша үстемақы төленуі, «Батыс-Агро 2008» ЖШС-нің 7 қызметкеріне ай сайын еңбекақы аударылуы және автокөлік құралдарын жалға алуы Қоғам басқаруы тиімді және үздік нәтижеге қол жеткізілмеуі болып табылады.

**15-тармақ.** Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы №1266 «Акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі ұлттық басқарушы холдингтердің (Ұлттық әл-ауқат қорын қоспағанда), ұлттық холдингтердің және ұлттық компаниялардың, сондай-ақ ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің құрамына кіретін ұлттық компаниялардың (Ұлттық әл-ауқат қоры тобының құрамына кіретін ұлттық компанияларды қоспағанда) әкімшілік шығыстарының жекелеген түрлерінің лимиттерін және оларға мониторинг жүргізу тетігін айқындау және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» қаулысының 14 тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 қазандағы №1382 «Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды дамыту тұжырымдамасын мақұлдау туралы» қаулысымен мақұлданған Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды дамыту ТҰЖЫРЫМДАМАСЫнда қаралған пайымына сәйкес ӘКК тобында корпоративтік басқарудың үздік тәжірибесін, оның ішінде үлгі құжаттарға сәйкес ішкі саясат пен регламенттерді қабылдау арқылы енгізу талаптары сақталмай, штат бойынша жоқ қызметкердің міндеттерін қосымша орындағанына, Қоғам штатта бірліктері толық жинақталмауына, басқа бір ұйымның қызметкерлер көмегіне жүгінуі және лимиттен бөлек 2 жеңіл автокөлікке жалға алуына байланысты Қоғам басқаруы тиімді жүзеге асырылмай және үздік нәтижеге қол жеткізілмей, жалпы сомасы **32517,5 мың теңге** қаражаттар тиімсіз шығындалған. Оның ішінде, 2016 жылғы қазан-желтоқсан айы аралығында - 5178,0 мың теңге, 2017 жылы – 13820,0 мың теңге және 2018 жылы - 13519,5 мың теңге. №16 қосымша 53 бетте *(Қызметкерлердің нақты саны туралы кестенің, шарттың және штат кестелерінің көшірмесі жалғанады).*

Аудитпен камтылған кезең аралығында Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 14 қаңтардағы №117 шешімімен бекітілген «Ақтөбе» ӘКК» ҰҚ» АҚ қызметкерлеріне еңбекақы мен сыйақы төлеу туралы» ережесіне сәйкес Қоғаммен жалпы сомасы 12518,2 мың теңгеге қызметкерлерге сыйлықақы берілген. Оның ішінде: 2016 жылғы желтоқсан айында – 2100,0 мың теңге, 2017 жылғы желтоқсан айында – 8074,5 мың теңге және 2018 жылғы наурыз айында – 2343,7 мың теңге.

Қоғамның жарғысына сәйкес директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне атқарушы органның басшысы сыйлықақы төлеу талаптарын

айқындайтыны қаралған. Алайда, Қоғам Директорлар кеңесінің шешімісіз жалпы сомасы 1440,5 мың теңгеге Басқарма төрағаларына сыйақылары төленгені анықталды. Оның ішінде: 2016 жылы З.А.Майтековке – 210,0 мың теңге, 2017 жылы Д.Ж.Утемиске – 963,0 мың теңге, 2018 жылы Д.Ж.Утемиске – 267,5 мың теңге.

**16-тармақ.** Қазақстан Республикасының 2003-жылғы 13 мамырдағы №415 «Акционерлік қоғамдар туралы» заңының 53 бабы, 2 тармағының 9 тармақшасына және Қоғам жалғыз акционерінің 2018 жылғы 7 тамыздағы №6 шешімімен бекітілген Жарғысының 11.2. тармағының 7 тармақшасына қайшы, Қоғам Директорлар кеңесінің шешімісіз жалпы сомасы **1440,5 мың теңгеге** Басқарма төрағаларына сыйақылары төленіп, қаражаттар тиімсіз шығындалған. Бұзушылықтар сыныптаушысында көзделмеген. №17 қосымша 15 бетте *(Сыйлықақы төлеу бұйрықтарының көшірмесі жалғанады)*.

Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 14 қаңтардағы №117 шешімімен бекітілген «Ақтөбе» ӘКК» ҰК» АҚ қызметкерлеріне еңбекақы мен сыйақы төлеу туралы» ережесінің 3 бөлімінің 2 тармағына сәйкес барлық қызметкерлер үшін мемлекеттік мерекеге сыйлықақы беру компанияның қарауы бойынша жыл ішінде жүзеге асырылады, бұл ретте осы сыйлықақының жалпы жылдық мөлшері 1 (бір) қызметкерге тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген 10 (он) жалақының ең төменгі мөлшерінен (бұдан әрі – ЖТМ) аспайды делінген. Алайда, 2017 жылғы 30 қарашадағы №39-л «Сыйлықақы төлеу туралы» бұйрығына сәйкес Басқарма төрағасы Д.Ж.Утемиске ҚР Тұңғыш Президентінің күні мерекесіне берілген сыйлықақысы 183,0 теңгеге (245,0-428,0) негізсіз артық төленген. 2017 жылға ЖТМ-рі 24459 теңге болып белгіленген.

**17-тармақ.** Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы №1266 «Акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі ұлттық басқарушы холдингтердің (Ұлттық әл-ауқат қорын қоспағанда), ұлттық холдингтердің және ұлттық компаниялардың, сондай-ақ ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің құрамына кіретін ұлттық компаниялардың (Ұлттық әл-ауқат қоры тобының құрамына кіретін ұлттық компанияларды қоспағанда) әкімшілік шығыстарының жекелеген түрлерінің лимиттерін және оларға мониторинг жүргізу тетігін айқындау және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» қаулысының 11 тармағына және Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 14 қаңтардағы №117 шешімімен бекітілген «Ақтөбе» ӘКК» ҰК» АҚ қызметкерлеріне еңбекақы мен сыйақы төлеу туралы» ережесінің 3 бөлімінің 2 тармағына қайшы, 2017 жылғы 30 қарашадағы №39-л «Сыйлықақы төлеу туралы» бұйрығына сәйкес Басқарма төрағасы Д.Ж.Утемиске ҚР Тұңғыш Президентінің күні мерекесіне берілген сыйлықақысы **183,0 теңгеге** (245,0-428,0) негізсіз артық төленген. Бұзушылықтар сыныптаушысында көзделмеген. №18 қосымша 8 бетте

*(Қоғам қызметкерлерінің ебекақы мен сыйақы төлеу туралы ережесінің, бұйрықтың, №1 қосымшасының және хаттаманың үзіндісінің көшірмелері жалғанады).*

Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 14 қаңтардағы №117 шешімімен бекітілген «Ақтөбе» ӘКК» ҰК» АҚ қызметкерлеріне еңбекақы мен сыйақы төлеу туралы» ережесінің 2 бөлімінің 3 тармағында лауазымдарды қоса атқарғаны, уақытша жоқ қызметкердің міндеттерін орындағаны үшін оны алмастыратын қызметкердің белгіленген лауазымдық айлықақысы мөлшерінен **30 %-дан аспайтындай үстемақы төленуі** мүмкін.

Қоғамның 2017 жылғы 02 наурыздағы №15-л «Жалақыға үстеме енгізу туралы» бұйрығына сәйкес қаржы мониторингі, бюджеттік жоспарлау және тәуекелдідерді басқару департамент бас менеджері Л.Т.Анға бухгалтерлік есеп және есеп беру департаменттің менеджерінің міндеттерін қоса атқарғаны үшін 125,0 мың теңге лауазымдық айлықақысының 75% немесе 93,75 мың теңге үстемақы белгіленіп, 2017 жылғы наурыз-шілде аралығында жалпы сомасы 429,3 мың теңге үстемақы төленген.

Л.Т.Анның 150,0 мың теңге өзінің лауазымдық айлықақысы мөлшерінен 30% есептегенде 45,0 мың теңге үстемақы төленуі тиіс.

Сонымен, Қоғаммен 2017 жылғы наурыз-шілде аралығында қаржы мониторингі, бюджеттік жоспарлау және тәуекелдідерді басқару департамент бас менеджері Л.Т.Анға лауазымдарды қоса атқарғаны үшін 45,0 мың теңгемен есептеудің орнына 93,75 мың теңгемен есептелініп, жалпы сомасы 223,2 мың теңгеге үстемақы негізсіз артық төлеген.

**18-тармақ.** Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы №1266 «Акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі ұлттық басқарушы холдингтердің (Ұлттық әл-ауқат қорын қоспағанда), ұлттық холдингтердің және ұлттық компаниялардың, сондай-ақ ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің құрамына кіретін ұлттық компаниялардың (Ұлттық әл-ауқат қоры тобының құрамына кіретін ұлттық компанияларды қоспағанда) әкімшілік шығыстарының жекелеген түрлерінің лимиттерін және оларға мониторинг жүргізу тетігін айқындау және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» қаулысының 13 тармағына және Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 14 қаңтардағы №117 шешімімен бекітілген «Ақтөбе» ӘКК» ҰК» АҚ қызметкерлеріне еңбекақы мен сыйақы төлеу туралы» ережесінің 2 бөлімінің 3 тармағына қайшы Қоғам 2017 жылғы наурыз-шілде аралығында қаржы мониторингі, бюджеттік жоспарлау және тәуекелдідерді басқару департамент бас менеджері Л.Т.Анға лауазымдарды қоса атқарғаны үшін жалпы сомасы **223,2 мың теңгеге** үстемақы негізсіз артық төлеген. Бұзушылықтар сыныптауышысында көзделмеген. №19 қосымша 3 бетте *(Үстемақы көстесі, бұйрықтың және қызметтік хаттың көшірмесі жалғанды).*

Штаттық кестеге сәйкес Қоғамның Астана қаласындағы өкілі Н.Курманбаевтың еңбек ақысы 255,0 мың теңге. Астана қаласындағы өкілінің



лауазымдық міндеттемесіне: Қоғам қызметіне Асатана қаласында жалпы басшылық ету, тартымды жобаларды іздестіру және сәйкестендіру үшін іскер топтар өкілдерімен кездесулер өткізуді ұйымдастыру, қажет болған жағдайда бейінді көрмелер мен конференцияларды ұйымдастыру және т.б. лауазымдық міндеттемелер жүктелген.

Одан басқа, Қоғамның 2016 жылғы 01 желтоқсандағы №92-л «Функционалдық міндеттеменің көбеюі туралы» бұйрығына сәйкес қызмет көрсету аясының көбеюіне жарнамалық материалдарды әзірлеу және кездесулерді ұйымдастыру, инвесторларды тарту бойынша қосымша орындалатын жұмыстар көлемінің ұлғаюына байланысты, Астана қаласындағы өкілі Н.Курманбаевқа 2016 жылғы 01 желтоқсанның бастап 85,0 мың теңге қосымша мөлшерінде еңбек ақы төлеген. Сонымен, Н.Курманбаевтың бір айдағы еңбек ақысы 340,0 мың теңге (255,0+85,0) құрайды. Аудитпен қамтылған кезең аралығында Н.Курманбаев жалпы сомасы 10349,1 мың теңгеге шығысталған.

Алайда осы қызметкердің нақты атқарған жұмысы туралы материалдар немесе басқада дәлелдеуші құжаттар аудитке ұсынылмады. Сәйкесінше қандай жұмыстарды атқарғаны түсініксіз. Оған қоса өзінің лауазымдық айлық ақысына қосымша ретінде тағыда үсем ақы төленіп отырған.

**19-тармақ.** Қазақстан Республикасы Үкіметінің, 2012 жылғы 31 қазандағы № 1382 «Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды дамыту тұжырымдамасын мақұлдау туралы» қаулысымен мақұлданған Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды дамыту ТҰЖЫРЫМДАМАСЫнда қаралған пайымына сәйкес ӘКК тобында корпоративтік басқарудың үздік тәжірибесін, оның ішінде үлгі құжаттарға сәйкес ішкі саясат пен регламенттерді қабылдау арқылы енгізу талаптары сақталмай, Астана қаласындағы өкілі Н.Курманбаевтың нақты қандай қызмет атқарғаны туралы Қоғамның тарапынан қадағалау жүргізілмей жалпы сомасы 10349,1 мың теңге қаражаттар тиімсіз шығындалған. Оның ішінде, 2016 жылғы қазан-желтоқсан айы аралығында – 950,0 мың теңге, 2017 жылы – 4671,2 мың теңге және 2018 жылы – 4727,9 мың теңге. Бұзушылықтар сыныптауышысында көзделмеген. №20 қосымша 13-бетте (Еңбекақы анықтамасының, лауазымдық міндеттемесінің, үстемалық бұйрығының көшірмелері жалғанды).

**2.1.5. Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілген қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру тәртібінің мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкестігі, өнім берушілердің келісім – шарт міндеттемелерін орындауы.**

2.1.5.1. Аудит бағдарламасының мәселесін талдау, соның ішінде:

Қоғаммен 2016-2018 жылдарға тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алулары 2012 жылғы 18 шілдедегі №24 хаттамасымен Қоғам директорлар Кеңесінің шешімімен бекітілген «Ақтөбе» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы Қоғамға тікелей немесе жанама түрде тиесілі

ұйымдармен жүзеге асыратын тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатп алу» Ережесі арқылы жүргізілген.

Мемлекеттік сатып алулар бойынша мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарлары Мекемемен бекітіліп, [www.goszakup.gov.kz](http://www.goszakup.gov.kz) веб-порталында орналастырылған.

Қоғаммен сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің басым бөлігі біртекті түрлерінің жалпы сомасы айлық есептік көрсеткіштің екі мың еселенген мөлшерінен аспауына байланысты бір көзден жүргізіледі.

2012 жылғы 18 шілдедегі №24 хаттамасымен Қоғам директорлар Кеңесінің шешімімен бекітілген «Ақтөбе» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы Қоғамға тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдармен жүзеге асыратын тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатп алу» Ережесінің 10 тармағына сәйкес, сатып алу жоспары бекітілгеннен кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде Тапсырыс беруші оны өзінің веб-сайтында орналастыруға міндетті. Сонымен қатар, тапсырыс беруші сатып алу жоспарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы шешім қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өзінің веб-сайтында тиісті өзгерістерді және/немесе толықтыруларды көрсете отырып, нақтыланған сатып алу жоспарын орналастыруға міндетті.

Дегенмен, 2017-2018 жылдарғы бекітілген сатып алу жоспары және сатып алу жоспарына жасалған өзгерістері мен толықтырулары «Ақтөбе» ӘКК» АҚ-ы өзінің веб-сайтында орналастырмаған.

**20-тармақ.** 2012 жылғы 18 шілдедегі №24 хаттамасымен Қоғам директорлар Кеңесінің шешімімен бекітілген «Ақтөбе» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы Қоғамға тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдармен жүзеге асыратын тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатп алу» Ережесінің 10 тармағына қайшы, 2017-2018 жылдарғы бекітілген сатып алу жоспары және сатып алу жоспарына жасалған өзгерістері мен толықтырулары «Ақтөбе» ӘКК» АҚ-ы өзінің веб-сайтында орналастырмаған. Бұзушылықтар сыныптаушысында көзделмеген. №21 қосымша 1 бетте (Түсініктеме қоса жалғанды).

2012 жылғы 18 шілдедегі №24 хаттамасымен Қоғам директорлар Кеңесінің шешімімен бекітілген «Ақтөбе» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы Қоғамға тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдармен жүзеге асыратын тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатп алу» Ережесінің 27 тармағына сәйкес, Тендерлік комиссияның отырыстары тендерлік комиссия құрамының қарапайым көпшілігі қатысқан жағдайда

өткізіледі және хаттамамен ресімделеді, оған тендерлік комиссияның қатысып отырған құрамы мен тендерлік комиссияның хатшысы қол қояды. Тендерлік комиссия құрамының біреуі болмаған жағдайда тендерлік комиссия отырысының хаттамасында осы фактіні растайтын құжатқа сілтеме жасай отырып, оның болмау себебі көрсетіледі.

Тендерлік комиссия құрамының қарапайым көпшілігі болмаған жағдайда, Тапсырыс беруші қворумға қол жеткізу мақсатында тендерлік комиссия құрамынан болмағандардың біреуін ауыстырады.

2018 жылғы 4 мамырдағы ашық тендерге қатысуға конверттерді ашу жөніндегі тендерлік комиссия отырысының хаттамасында тендерлік комиссия төрағасының қолы жоқ, сонымен қатар, 2018 жылғы 5 мамырдағы автокөлік құралын сатып алу бойынша ашық тендердің қорытындылары туралы хаттамасында тендерлік комиссия төрағасының қолы жоқ, яғни хаттамаларда Д.Ж.Утемис өз еркімен жұмыстан босатылған деп сілтеме жасап өткен.

Алайда, 2018 жылғы 25 сәуірдегі №2 Қоғамның жалғыз акционерінің шешімі бойынша 2018 жылғы 25 сәуір айынан бастап Д.Ж.Утемис өз лауазымынан босатылып, уақытша міндетін М.Д.Аққағазов атқарған. Яғни Д.Ж.Утемистің лауазымынан босатылуына байланысты тендерлік комиссия қайта құрылмаған.

**21-тармақ.** 2012 жылғы 18 шілдедегі №24 хаттамасымен Қоғам директорлар Кеңесінің шешімімен бекітілген «Ақтөбе» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы Қоғамға тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдармен жүзеге асыратын тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу» Ережесінің 27 тармағына қайшы, Д.Ж.Утемистің лауазымынан босатылуына байланысты тендерлік комиссия қайта құрылмаған. Бұзушылықтар сыныптаушысында көзделмеген. №22 қосымша 5 бетте *(Шешімнің және хаттамалардың көшірмелері қоса жалғанады).*

2012 жылғы 18 шілдедегі №24 хаттамасымен Қоғам директорлар Кеңесінің шешімімен бекітілген «Ақтөбе» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы Қоғамға тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдармен жүзеге асыратын тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу» Ережесінің 88 тармағына сәйкес, сатып алуды ұйымдастырушы баға ұсыныстарын табыс ету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 7 (жеті) жұмыс күнінен бұрын Тапсырыс берушінің веб-сайтына хабарландыру орналастыруға міндетті.

Алайда, аудитпен қамтылған кезең аралығында сатып алуды ұйымдастырушы Тапсырыс берушінің веб-сайтына баға ұсыныстарының хабарландыруларын орналастырмаған.

**22-тармақ.** 2012 жылғы 18 шілдедегі №24 хаттамасымен Қоғам директорлар Кеңесінің шешімімен бекітілген «Ақтөбе» әлеуметтік-

кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы Қоғамға тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдармен жүзеге асыратын тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу» Ережесінің 88 тармағына кайшы, Қоғам аудитпен қамтылған кезең аралығында сатып алуды ұйымдастырушы Тапсырыс берушінің веб-сайтына баға ұсыныстарының хабарландыруларын орналастырмаған. Бұзушылықтар сыныптаушысында көзделмеген. №23 қосымша 1 бетте (Түсініктеме қоса жалғанады).

2016 жылғы 11 қазандағы №76 басқарма төрағасы м.а. бұйрығына сәйкес, арнайы техниканы сатып алу бойынша ашық тендер өткізу үшін 38 500,5 мың теңгеге тендерлік құжаттама бекітілді. Әлеуетті жеткізушілердің 2-ден кем өтінімінің ұсынылуына байланысты тендер өткізілмеді деп танылды.

2016 жылғы 08 қарашада тапсырыс беруші атынан қоғам төрағасы З.А.Майтеков және «ЗапказКаз-Авто» ЖШС-нің атынан әрекет етуші И.Ю.Захаров «Ақтөбе» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы Қоғамға тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдармен жүзеге асыратын тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу» Ережесіне және 2016 жылғы 27 қазандағы жүк тасымалын жүзеге асыру үшін техниканы сатып алу жөніндегі ашық тендердің қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес №11/2016 шартқа отырған. Шарттың жалпы сомасы 38 500,5 мың теңге (ҚҚС-мен).

(Аудитке тек 2016 жылғы 11 қазандағы №76 бұйрық, тендерлік құжаттама, жүк тасымалын жүзеге асыру үшін техниканы сатып алу бойынша ашық тендердің қорытындылары туралы хаттама, 2016 жылғы 08 қарашадағы №11/2016 келісім шарт, әкеліпте құжаттары, шот-фактуралары және көлік құралын теңгерімге қабылдау туралы бұйрықтары ұсынылды қалған құжаттары Аудитке ұсынылған жоқ)

2016 жылғы 08 қарашадағы №11/2016 келісім шарттың №1 қосымшасына сәйкес сатып алынатын тауарлардың тізбесі мен сипаттамалары:

1	Камаз седельный тягач 65116-019, экологический стандарт Евро 3, 260 л.с., нагрузка на ССУ 15 тонн, бак 350 литров, ABS, кабина со спальным местом, новый, не ранее 2015 года выпуска	1	
2	Полуприцеп – рефрижератор KRONE, вместимость не менее 86 куб.метров, с холодильным агрегатом Carrier или Termo King, новый, не ранее 2015 года выпуска	1	33 134 500
3	ГАЗ А21R25-1011, фургон		

изотермический из сэндвич панелей, ППУ толщиной 80мм, бескаркасный, ГБО, новый, не ранее 2015 года выпуска	1	5 366 000
		38 500 500

2016 жылғы 6 желтоқсандағы «ЗапКаз-Авто» ЖШС-мен ұсынылған жөнелтпе құжатында және шот-фактурасында сомасы 22 484,5 мың теңгеге полуприцеп-рефрижератор «**KRONE**» жеткізілгені көрсетілген.

Алайда жеткізілген техниканы көзбен тексеру барысында моделі рефрижератор «**KRONE**» орнына моделі «**Купава**» 930011 жартылай тіркеме - изотермиялық фургоны жеткізілгені анықталды.

Сонымен қатар, «Көлік құралын теңгерімге қабылдау туралы» Баскарма төрағасының міндетін атқарушы Е.Назаровтың бұйрығына сәйкес (жылы, айы және күні көрсетілмеген) Қоғамның теңгеріміне рефрижератор «Купава» 930011 қабылданған.

2012 жылғы 18 шілдедегі №24 хаттамасымен Қоғам директорлар Кеңесінің шешімімен бекітілген «Ақтөбе» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы Қоғамға тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдармен жүзеге асыратын тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу» Ережесінің 3 тармағына сәйкес, тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу қағидаттармен негізделеді:

- 1) инвестициялық жобаларды тиімділікке асыру;
- 2) әлеуетті өнім берушілерге сатып алуды өткізу, рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру;
- 3) әлеуетті өнім берушілер арасында адал бәсекелестік;
- 4) сатып алу процесінің жариялылығы мен ашықтығы;
- 5) отандық кәсіпкерлерді қолдау;
- 6) сатып алуда қазақстандық камтуды ұлғайту;
- 7) сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау.

Демек, Қоғам 2016 жылғы 08 қарашадағы №11/2016 келісім шарт бойынша техникаларды сатып алу кезінде қағидаттары сақталмаған, яғни сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсамай негізсіз моделі рефрижератор «**KRONE**» орнына моделі «**Купава**» 930011 жартылай тіркеме - изотермиялық фургонын сатып алған.

Веб-сайттан алынған анықтамаларға байланысты «**KRONE**» жартылай тіркеме - рефрижераторы еуропалық өндіріс болып табылады, ал «**Купава**» жартылай тіркеме - изотермиялық фургоны Беларусь өндірісі болып табылады және оның бағасы шамамен 15 000,0 мың теңге. Яғни, «**Купава**» жартылай тіркеме - изотермиялық фургоны, «**KRONE**» жартылай тіркеме - рефрижераторынан арзан. Сонымен қоса, «**Купава**» жартылай тіркеме - изотермиялық фургоны ершікті тартқыш 65116-019 Камазына дұрыс сәйкес

келмеуіне байланысты, 2018 жылғы маусым айында сатып алынған ершікті тартқыш 5490-024-87 Камазына орнатылған.

**23-тармақ.** Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджет кодексінің 4 бабының 9,12 тармақшаларына қайшы негізділік, тиімділік принциптері сақталмай, 2012 жылғы 18 шілдедегі №24 хаттамасымен Қоғам директорлар Кеңесінің шешімімен бекітілген «Ақтөбе» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы Қоғамға тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдармен жүзеге асыратын тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу» Ережесінің 3 тармағына қайшы, Қоғам 2016 жылғы 08 қарашадағы №11/2016 келісім шарт бойынша техникаларды сатып алу кезінде қағидаттары сақталмаған, яғни сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсамай негізсіз моделі **рефрижератор «KRONE»** орнына моделі **«Купава» 930011** жартылай тіркеме - изотермиялық фургонын **22484,5 мың тенгеге** көтеріңкі бағамен сатып алынып, қаражаттар тиімсіз шығындайған. Бұзушылықтар сыныптауышында көзделмеген. №24 қосымша 56 бетте (2016 жылғы 11 қазандағы №76 бұйрықтың, тендерлік құжаттаманың, жүк тасымалын жүзеге асыру үшін техниканы сатып алу бойынша ашық тендердің қорытындылары туралы хаттаманың, 2016 жылғы 08 қарашадағы №11/2016 келісім шарттың, жөнелтпе құжаттардың, шот-фактуралардың және көлік құралын теңгерімге қабылдау туралы бұйрықтардың көшірмелері және фотокесте қоса жалғанады).

**2.1.6. Бухгалтерлік есепті жүргізудің және қаржылық есептілікті жасау мен ұсынудың дұрыстығы.** Дебиторлық және кредиторлық берешектердің бар болуы, пайда болу себептерін талдау және оларды жою бойынша қолданылған шаралардың уақытылығы.

2.1.6.1. Аудит бағдарламасының мәселесін талдау, соның ішінде:

Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 04 ақпандағы №1 шешімімен Қоғамның есеп саясаты бекітілген.

Қоғамның есеп саясаты Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы №234 «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» заңымен, бухгалтерлік есептің халықаралық стандарттарымен (бұдан әрі – БЕХС), БЕХС қолдану жөніндегі әдістемелік ұсыныстармен және басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленген.

Есеп саясаты Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына, халықаралық немесе ұлттық стандарттарға, шағын және орта бизнеске арналған халықаралық стандартқа және бухгалтерлік есеп шоттарының үлгі жоспарына сәйкес, олардың қажеттіліктері мен қызмет ерекшеліктері негізге алына отырып, бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау үшін дара кәсіпкер немесе

ұйым қолдануға қабылдаған нақты принциптерді, негіздерді, ережелерді, тәртіп пен практиканы білдіреді.

Есепке алынған құжаттар операциялар жасалған уақыттар бойынша (хронологиялық тәртіппен) жүйеленген және жинақтаушы ведомостармен рәсімделген. Жыл қорытындысы бойынша жылдық қаржылық есептіліктері тапсырылған. Қоғам бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілігі толығымен автомат түрінде «1С-Бухгалтерия 8» бағдарламасымен жүргізіледі.

Аудитпен қамтылған кезеңде Қоғам бас бухгалтер қызмет атқарған А.Т.Шеркешбаеваның, Л.Т.Анның және Э.Т.Наурызбаеваның кәсіби бухгалтердің сертификатымен тағайындалған.

Бас бухгалтер лауазымынан босатылған кезде істерді жаңадан тағайындалған бас бухгалтерге (ал ол болмаған кезде - субъекті басшысы тағайындаған қызметкерге немесе ұйым басшысына) беру жүргізіледі. Істі қабылдап алу және беру субъекті басшысының бұйрығы негізінде жүргізіледі, онда: бухгалтерлік қызмет істерін қабылдап алу-беру мерзімі, тапсырушының және қабылдап алушының еңбек төлемі тәртібі, істерді қабылдап алу-беру кезеңінде құжаттарға қол қою құқығы кімге берілгені көрсетіледі, бұл ретте, істі қабылдап алушы адамға қол қою құқығы рәсімделгенге дейін құжаттарға қабылдап алушының бақылауымен істерді тапсырушы қол қояды.

Істерді беру процесінде бухгалтерлік есептің жай-күйі, есепті деректердің дұрыстығы тексеріледі, қабылдап алушы және тапсырушы тараптар қол қоятын, субъекті басшысы бекітетін қабылдап алым-берім актісі жасалады. Акті екі данада жасалады. Біреуі бухгалтерлік қызметте, екіншісі - істі беруші тарапта қалады. Алайда, аталған алу-беру актісі жасалмаған.

**24-тармақ.** Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы №241 «Бухгалтерлік есепті жүргізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 9 тармағына қайшы, есепші лауазымынан босатылған кезде кәсіпорын құжаттарын тапсыруға, ал істерді жаңадан тағайындалған есепшіге істі қабылдап алу және беру туралы бұйрығы шығарылмаған және алым-берім актісі жасалмаған. Бұзушылықтар сыныптауышында көзделмеген. №25 қосымша 1 бетте (Есепшінің түсініктемесі жалғанады).

Дебиторлық және кредиторлық берешектердің бар болуы, пайда болу себептерін талдау және оларды жою бойынша қолданылған шаралардың уақыттылығын зерделеумен төмендегідей анықталды.

Ұсынылған деректерге сәйкес Қоғамда дебиторлық және кредиторлық берешектер қалыптасқан. Оның ішінде:

2017 жылғы 01 қаңтар бойынша:

Өзге қысқа мерзімді дебиторлық берешек 743891,0 мың теңге;


Өзге ұзақ мерзімді дебиторлық берешек – 439304,0 мың теңге;

Жеткізушілерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек – 38540,0 мың теңге;

Қызметкерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек – 1591,0 мың теңге;

Қысқа мерзімді сыйақы төлемі – 556,0 мың теңге;







Өзгеде қысқа мерзімді кредиторлық берешек – 2458,0 мың теңге.

*2018 жылғы 01 қаңтар бойынша*

Өзге қысқа мерзімді дебиторлық берешек – 705489,0 мың теңге;

Өзге ұзақ мерзімді дебиторлық берешек – 432590,0 мың теңге;

Жеткізушілерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек – 69162,0 мың теңге;

Өзгеде қысқа мерзімді кредиторлық берешек – 8052,0 мың теңге.

*2019 жылғы 01 қаңтар бойынша*

Өзге қысқа мерзімді дебиторлық берешек – 1182488,0 мың теңге;

Өзге ұзақ мерзімді дебиторлық берешек – 848452,0 мың теңге;

Жеткізушілерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек – 25546,0 мың теңге;

Өзгеде қысқа мерзімді кредиторлық берешек – 25471,0 мың теңге.

Аудитпен, Қоғам тарапынан қабыптасқан дебиторлық берешектері уақытында қайтарту бойынша толық шара алынбағаны анықталды. Атап айтқанда, Қоғам 2019 жылғы 01 қаңтардағы жағдайы бойынша жалпы сомасы 1401422,3 мың теңге құрайтын қаражатты уақытында қайтармағаны үшін сотқа жүгінбеген.

**25-тармақ.** Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 қазандағы № 1382 «Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды дамыту тұжырымдамасын мақұлдау туралы» қаулысымен мақұлдаған Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды дамыту ТҰЖЫРЫМДАМАСЫнда каралған пайымына қайшы активтерді тиімді басқаратын өңірлік даму институты бола тұра және ӘКК қызметінің табыстылығына, тиімділігіне ұмтылу талаптарына қайшы, Қоғам 2019 жылғы 01 қаңтардағы жағдайы бойынша жалпы сомасы **1401422,3 мың теңге** құрайтын қаражатты уақытында қайтармағаны үшін сотқа жүгінбеген. Бұзушылықтар сыныптауышысында көзделмеген. №26 қосымша 9 бетте *(Дебиторлық берешек кестесі жалғанады)*.

**2.1.7. Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерін басқарудың тиімділігі. Негізгі құралдардың бар-жоғы (саны, құнның мінеземелері, оның ішінде жылжымалы немесе жылжымайтын мүлігі). Негізгі құралдардың есептен шығарылуы, есепке кірістіруі және қозғалысы. Есептен шығару, жалға беру және сату тәртіптерінің сақталуы.**

**2.1.7.1.** Аудит бағдарламасының мәселесін талдау, соның ішінде: Мекеменің балансында 2019 жылғы 01 қаңтарында 941729,0 мың теңгенің активтері есепте тұр. Атап айтқанда:

- Жер және құрылыс ғимараттары 650482,0 мың теңге;
- Машиналар мен жабдықтар 167226,0 мың теңге;
- Көлік құралдары 105535,0 мың теңге;
- Өзге негізгі құралдар 8764,0 мың теңге;
- Компьютерлер 9722,0 мың теңге.

Аудитпен қамтылған кезеңге негізгі құралдардың және материалдық емес активтердің қозғалысы аудиторлық есепке жалғанға қосымшада ашылып көрсетілген. №27 қосымша 1 бетте (Кесте жалғанды).

Қоғам материалдық құндылықтардың сақталуына жауапты тұлғалармен толық материалдық жауапкершілік туралы жазбаша шарт жасалады. Алайда, Қоғамда тіркелген негізгі құралдарға жауапты тұлғалармен толық материалдық жауапкершілік туралы жазбаша шарттары жасалмаған.

**26-тармақ.** Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ Еңбек кодексінің 123 бабының 7 тармағына қайшы Қоғамда тіркелген негізгі құралдарға жауапты тұлғалармен толық материалдық жауапкершілік туралы жазбаша шарттары жасалмаған. Бұзушылықтар сыныптауышысында көзделмеген. №28 қосымша 1 бетте (Басқарма төрағасының түсініктемесі жалғанады).

Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік деректерінің дұрыстығын қамтамасыз ету мақсатында Қоғам 2017 және 2018 жылдары материалдық құндылықтарға түгендеу комиссиясы құрылған және түгендеу жүргізу туралы бұйрықтары шығарылған.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы №241 «Бухгалтерлік есепті жүргізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 68 тармағында – Түгендеу тізімдемесі - түгендеу жүргізу сәтінде жасалатын және белгілі бір күнге кем дегенде екі данада мүліктің іс жүзінде болуын растайтын құжатқа енгізіледі, оған комиссияның барлық мүшелері және субъектінің материалдық жауапты адамы қол қояды.

Алайда, Қоғамның бұйрығында белгіленген мерзімінде мүліктің іс жүзінде болуын растайтын құжаттары әзірленбеген және түгендеу комиссиялары жүктелген міндетті орындамаған.

Сонымен қоса аудитпен қамтылған кезең аралығында Қоғамда тіркелген негізгі құралдарға мүлдем түгендеу жүргізілмеген.

**27-тармақ.** Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы №241 «Бухгалтерлік есепті жүргізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 68 тармағына қайшы, Қоғамның бұйрығында белгіленген мерзімінде мүліктің іс жүзінде болуын растайтын құжаттары әзірленбеген және түгендеу комиссиялары жүктелген міндетті орындамаған. Бұзушылықтар сыныптауышысында көзделмеген. №29 қосымша 7 бетте (Түгендеу бұйрықтарының көшірмесі жалғанды)

Материалдық құндылықтары көлемінің көп болуына және уақыттың тығыздығына байланысты Қоғамның жерлеріне, шағын базардағы павильондарға (сауда модульдері), сауда құрал-жабдықтарына, ауылшаруашылық техникалары және қызметтік автөкіліктерге түгендеу жүргізілді.

Түгендеу кезінде, бастапқы құны **28246,9 мың теңге** құрайтын 12 негізгі құралдарға жетіспеушілік анықталды. Оның ішінде:

- 1) Агрегат компрессорный холодильный Италия – 3320,8 мың теңге;
- 2) Картофелесажалка КСТ 1,4 – 518,7 мың теңге;

- 3) Картофелесажалка КСТ 1,4 – 411,8 мың теңге;
- 4) Картофелеуборочный комбайн – 13392,8 мың теңге;
- 5) Культиватор КРНВ 5,6-0,4 без ППК (в узлах) – 328,5 мың теңге;
- 6) Культиватор КРНВ-4,2 – 1071,9 мың теңге;
- 7) Мусоросборник выгребной закрытый – 882,0 мың теңге;
- 8) приспособление для уборки кукурузы на комбайн, "Вектор" – 3160,9 мың теңге;
- 9) пресс-подборщик тюковой ПТ165 (машинокомплект) – 1767,9 мың теңге;
- 10) пресс-подборщик тюковой ПТ165 (машинокомплект) – 1767,9 мың теңге;
- 11) Сеялка СПМЧ 6 ФС – 223,6 мың теңге;
- 12) УМВК-1,4 фреза +гребнеобразователь, окучник фрезный+бот – 1400,1 мың теңге.


Атап өту қажет, ауылшаруашылық техникалары Ақтөбе облысы аудандарының шаруа қожалықтардың сақтауында тұр. Қоғам мен шаруа қожалықтары арасында ауылшаруашылық техникаларын сақтауы бойынша алым-берім актілері рәсімделмеген.

**28-тармақ.** Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы №241 «Бухгалтерлік есепті жүргізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 71,72 тармағына қайшы, Түгендеу кезінде бастапқы құны **28246,9 мың теңге** құрайтын 12 негізгі құралдарға жетіспеушілік анықталды. Бұзушылықтар сыныптаушысының 3.1.1.19 тармағында көзделген. №30 қосымша 4 бетте *(Түгендеу актісі және дауазымды тұлғалардың түсініктемесі жалғанады)*

Ұсынылған деректерге сәйкес 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қоғамның балансында 7 инвестициялық жер учаскесі тіркелген. Оның ішінде 3 жер учаскесі Қоғамның жарғылық капиталын толықтыруға берілген және 4 жер учаскесі өзге де ұйымдардың берешектері есебінен алынған. Сол жер учаскелеріне түгендеу жүргізу кезінде ішіндегі 3 жер учаскесі бойынша нысаналы пайдалану мерзімі аяқталғаны анықталды. Атап айтқанда Ақтөбе қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 06 маусымдағы №1479 қаулысымен берілген баланстық құны 67445,0 мың теңге құрайтын гипермаркет салуға арналған 3,0 га жер учаскесі, Ақтөбе қаласының әкімдігінің 2015 жылғы 26 қазандағы №4176 қаулысымен берілген баланстық құны 38610,0 мың теңге құрайтын тұрмыстық-қатты қалдықтарды қайта өңдеу зауытының құрылысына арналған 3,0 га жер учаскесі және «Тандем W» ЖШС-нен 2011 жылы берешек есебінен алынған баланстық құны 26526,0 мың теңге құрайтын мал шаруашылығы базасы құрылысына арналған 20 га жер учаскесі осы кезге дейін нысаналы пайдаланбаған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы № 442 Жер кодексінің 92 бабының 2 тармағына сәйкес егер құрылысқа арналған жер учаскесі оны беру туралы шешім қабылданған күннен бастап үш жыл (егер жобалау-сметалық құжаттамада анағұрлым ұзақ мерзім көзделмесе) ішінде





мақсаты бойынша пайдаланылмаған жағдайда, онда Қазақстан Республикасы азаматтарының жеке тұрғын үй құрылысына арналған жеке меншігіндегі жер учаскесін қоспағанда, мұндай жер учаскесі осы Кодекстің 94-бабында көзделген тәртіппен мәжбүрлеп алып қоюға жатады.

Қазіргі таңда Қоғаммен осы жерлерге инвестициялық жобаларды іске асыру бойынша нәтижелі, тиімді іс-шаралар жүзеге асырылмау салдарынан, сол жерлерді кері алыну қауіпі туындап тұр.

**29-тармақ.** Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы № 442 Жер кодексінің 92 бабының 2 тармағына кайшы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 қазандағы № 1382 «Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды дамыту тұжырымдамасын мақұлдау туралы» қаулысымен мақұлданған Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды дамыту ТҰЖЫРЫМДАМАСЫнда қаралған мемлекеттік активтерді іскерлік айналымға тартуды қамтамасыз ету, проблемалық активтерді сауықтыру және олардың базасында бәсекеге қабілетті өндірістерді дамыту міндетін және өзінің басқаруындағы және меншігіндегі активтердің тиімді басқарылуын қамтамасыз ету талаптарын тісті түрде орындамау салдарынан жалпы баланстық құны **132581,0 мың теңге** құрайтын 3 инвестициялық жер учаскесі нысаналы пайдаланбаған үшін кері алыну қауіпі туындап тұр. №31 қосымша 20 бетте (Ақпараттың және жер актісінің, тізімдеменің көшірмелері жалғанды).

#### 2.1.8. Шығындылық себептері:

2.1.8.1. Аудит бағдарламасының мәселесін талдау, соның ішінде:

Ұсынылған деректерге сәйкес Қоғамның қаржылық жағдайы төмендігідей:

Атауы	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл
Ұзақ мерзімді активтер	1 057 786	1 079 708	1 673 239
Қысқа мерзімді активтер	7 728 864	7 248 725	6 521 175
<b>Баланс</b>	<b>8 786 650</b>	<b>8 328 433</b>	<b>8 194 414</b>
Қысқа мерзімді міндеттемелер	78 209	85 742	61 036
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	605 994	327 681	315 687
<b>Міндеттемелер жиынтығы</b>	<b>684 203</b>	<b>413 423</b>	<b>326 723</b>
Жарғылық (акционерлік) капитал	8 442 098	8 442 098	8 442 098
Резерв	208 688	7 457	45 112
Бөлінбеген пайда (өтелмеген залал)	(548 339)	(534 545)	(669 520)
<b>Капитал</b>	<b>8 102 447</b>	<b>7 915 010</b>	<b>7 817 691</b>
<b>Баланс</b>	<b>8 786 650</b>	<b>8 328 433</b>	<b>8 194 414</b>

Қаржылық жағдай туралы есебіне сәйкес өспелі қорытынды бойынша Серіктестік 2016 жылдың аяғына 548339,0 мың теңгеге, 2017 жылдың аяғына 534545,0 мың теңгеге және 2018 жылдың аяғына 669520,0 мың теңгеге залалмен шыққаны көрінеді. Өспелі емес тек жылдық қорытындыларын қарағанда 2016 жылдың қорытындысы бойынша 96,0 мың теңгеге, 2017 жылдың қорытындысы бойынша 13842,0 мың теңгеге пайдамен және 2018 жылдың қорытындысы бойынша 150493 мың теңгеге залалмен шыққан. Аудитпен қамтылған кезеңге дейінгі заламен шығудың нақты себебін анықтауға аудитпен қамтылған кезеңнен тыс болуына байланысты анықтауға мүмкіндік болмады.

Қоғам құрылғаннан бері ұсынылған деректерге сәйкес 43 ұйымдардың жарғылық капиталдарында үлесі болған. Қазіргі таңда 36 ұйымдарда үлесі бар. Соның ішінде 4 ұйымның жарғылық капиталында 100% үлесі бар, ондағы:

- ««Ақтөбе» индустриялық аймағын басқару компаниясы» ЖШС;
- «ASECA» ЖШС;
- «Ақтөбе Айнек» ЖШС;
- «Табыс Қала» ЖШС.

2018 жылдың қорытындысы бойынша залалмен шығуын зерделеу және талдаумен төмендегідей қаржылық мәмілелер залалмен шығуға септігін тигізгені анықталды, ондағы:

**«Үй құрылыс комбинаты» ЖШС**

«Қолжетімді тұрғын үй – (2020) бағдарламасына сәйкес халық үшін тұрғын үйдің қолжетімділігін одан әрі арттыруды қамтамасыз ететін тұрғын үй құрылысын дамыту проблемаларын кешенді шешу мақсатында Ақтөбе өңірінде «Үй құрылыс комбинаты» ЖШС құру көзделген.

Серіктестікті құру бойынша ҚЭН жасалған. ҚЭН-ге сәйкес түпкілікті нәтиже табыс көру, жұмыс орындарын құру және өнімді құрылыс материалдарымен қамтамасыз ету жолымен жыл сайын 50000 квадрат қол жетімді үй тапсыру.


2013 жылғы 21 маусымдағы №53 Директорлар кеңесінің хаттамасына сәйкес Қоғаммен «Ақтөбе-Сәулет» ЖШС бірлесіп темірбетон бұйымдарын өндіру бойынша үй құрылысы комбинатының құрылысы жобасына қатысу және «Үй құрылыс комбинаты» ЖШС құру туралы шешім қабылданған.

Осы мақсатта жергілікті бюджеттен қаражаттар бөлініп Ақтөбе-Сәулет» ЖШС бірлесіп «Үй құрылыс комбинаты» ЖШС құрылған.

«Үй құрылыс комбинаты» ЖШС-нің Жарғылық капиталы 1258905,8 мың теңге құрайды. Серіктестіктің құрылтайшылары Қоғам-42% сомасы 528740,5 мың теңге және «Ақтөбе-Сәулет» ЖШС-58% сомасы 730165,4 мың теңге.

«Үй құрылыс комбинаты» ЖШС-гі Үкіметпен бекітілген 2016-2020 жылдарға арналған жекешелендірудің кешенді жоспарына енгізіліп, Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 26 қазандағы №162 хаттамасына сәйкес Қоғамның үлесін сату туралы шешімі қабылданған. Қоғамның үлесі 491510,0 мың теңгеге қайта бағаланып, электрондық аукцион жүргізіліп, 2018 жылғы





08 қаңтардағы нөмірсіз келісім шартымен «Ақтөбе-Сәулет» ЖШС-не 516392,7 мың теңгеге сатылған.

**30-тармақ.** Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 қазандағы № 1382 «Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды дамыту тұжырымдамасын мақұлдау туралы» қаулысымен мақұлданған Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды дамыту ТҰЖЫРЫМДАМАСЫнда қаралған пайымына сәйкес активтерді тиімді басқаратын өңірлік даму институты бола тұра және табыстылыққа, тиімділікке ұмтылу талаптары сақталмай, Қоғаммен 2013 жылы табыс көру, жұмыс орындарын құру және өндірі құрылыс материалдарымен қамтамасыз ету жолымен жыл сайын 50000 квадрат қол жетімді үй тапсыру мақсатында жалпы сомасы 528740,5 мың теңге шығындалып, «Үй құрылыс комбинаты» ЖШС құрылып, қазіргі таңда құрылған Серіктестік қайтадан сатылған, яғни құру кезіндегі бастапқы мақсаттарына, түпкілікті нәтижелерге қол жетілмеген. Оған қоса өзіне жалпы сомасы 12347,8 (528740,5-516392,7) мың теңгеге шығынмен сатылған. Бұзушылықтар сыныптаушысында көзделмеген. №32 қосымша 10 бетте *(Хаттаманың, келісім шарттың көшірмелері жасалғанды).*

#### **«ASIA AGRO HOLDING» ЖШС**

Директорлар кеңесінің 2013 жылғы 04 қазандағы №61 хаттамасына сәйкес Қоғамның активтерін басқару, сондай-ақ Ақтөбе облысының азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорын қалыптастыру, сақтау және пайдалану жөніндегі компаниясын құру жобасына қатысу туралы шешім қабылданған.

Осы мақсатта Ақтөбе облысының азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорының операторы болып «ASIA AGRO HOLDING» ЖШС белгіленген.


Қоғам жобаға «ASIA AGRO HOLDING» ЖШС-не өз мүлкін кейіннен сатып алу және кепілге беру құқығысыз сенімгерлік басқаруға беру арқылы қатысқан болса, аталған Серіктестік жобала оператор есебінде қатысқан.

Бір мезгілде «ASIA AGRO HOLDING» ЖШС-не құрылтайшыларының хаттамалық шешіміне сәйкес А.А.Жексембиев жеке тұлғаның үлесі 49% мөлшерінде Қоғамға өтеусіз түрде берілген.

Қоғам атына Серіктестік қатысушыларының 2014 жылғы 28 тамызында Серіктестіктің жарғылық капиталын қосымша салымдар енгізу жолымен ұлғайту туралы жалпы жиналысы өткізілгендігі туралы хабарлама келіп түскен.

Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 27 тамыздағы №92 хаттамасына сәйкес Серіктестіктің жарғылық капиталының мөлшерін ұлғайту туралы шешім қабылданып, Ақтөбе қаласы, Д.Қонаев көшесі, 1 «Р» мекен жайында орналасқан жалпы алаңы 7629,7 кв. метр құрайтын жалпы нарықтық құны 316521,9 мың теңгеге көкөніс қоймасы барлық мүлкісімен қоса жарғылық капиталды ұлғайтуға берілген.





Оған қоса, Серіктестіктің жарғылық капиталын ұлғайтуға басқа қатысушы болып «АЗИЯ АГРО ГРУПП» ЖШС шықты, ол «Ақтөбе-Жылыжай» ЖШС-гі 52% өз үлесін енгізген.

Көрсетілген «АЗИЯ АГРО ГРУПП» ЖШС-нің қатысу үлесі бағалаушы «Современные технологии экспертизы и оценки» ЖШС-мен 455723,0 мың теңге сомасында бағаланған.

Серіктестіктің жарғылық капиталын ұлғайтуды және салымдарды бағалауды ескере отырып, қатысушылардың үлесі келесідей белгіленген:

- Қоғамның үлесі 40,9890048115814%;
- «АЗИЯ АГРО ГРУПП» ЖШС-нің үлесі 59,0109951884186%.


Аталған мәселе бойынша материалдарды одан әрі зерделеу кезінде қатысушылардың құрамындағы өзгерістерге байланысты «Ақтөбе-Жылыжай» ЖШС-гі «АЗИЯ АГРО ГРУПП» ЖШС-нің 52% көлеміндегі үлесі «ASIA AGRO HOLDING» ЖШС-не берілгендігі анықталды.


Кейіннен Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 19 ақпандағы № 99 шешіміне сәйкес жоғарыда көрсетілген қатысу үлесі 7370,9 мың теңге сомасында қайта бағаланып сатылды.

Осы жерде «ASIA AGRO HOLDING» ЖШС-тің құру кезінде 455723,0 мың теңгеге бағаланған мүлік, қайта сату кезінде қалай 7370,9 мың теңгеге бағаланғаны түсініксіз.

Сонымен қоса «ASIA AGRO HOLDING» ЖШС-ті Үкіметпен бекітілген 2016-2020 жылдарға арналған жекешелендірудің кешенді жоспарына енгізіліп, Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 26 қазандағы №162 хаттамасына сәйкес Қоғамның «Бизнес Тандем» ЖШС-нің №0629-ВТ есебіне сәйкес 156070,0 мың теңгеге қайта бағаланған үлесін сату туралы шешімі қабылданған. Тендерге қатысушылары өтінімдерінің екіден кем болуына байланысты электрондық сауда-саттықтар өткізілмеген деп танылып осы кезге дейін сатылмаған.

**31-тармақ.** Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 қазандағы № 1382 «Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды дамыту тұжырымдамасын мақұлдау туралы» қаулысымен мақұлдаған Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды дамыту ТҰЖЫРЫМДАМАСЫнда каралған пайымына сәйкес активтерді тиімді басқаратын өңірлік даму институты бола тұра және табыстылыққа, тиімділікке ұмтылу талаптары сақталмай, «ASIA AGRO HOLDING» ЖШС-гін құру кезінде жарғылық капиталдағы үлеске «АЗИЯ АГРО ГРУПП» ЖШС-гі 455723,0 мың теңгемен кіріп 59,0109951884186% ие болған, ал нақтысында оның үлесі 7370,9 мың теңгені құраған, яғни үлесі негізсіз жоғары бағаланған және «ASIA AGRO HOLDING» ЖШС-нің жарғылық капиталын ұлғайтуға 316521,9 мың теңгеге көкөніс қоймасы берілсе, қазіргі таңда үлесі 156070,0 мың теңгеге сатылымға шығарылған. Осыған сәйкес Қоғаммен өзіне залал әкелетін келісімдер жасалғаны көрінеді. Бұзушылықтар сыныптаушысында көзделмеген. №33 қосымша 31 бетте (Хаттамалардың көшімелері жасалғанды).







Сонымен қоса, «ASIA AGRO HOLDING» ЖШС-гін және «Үй құрылыс комбинаты» ЖШС-гін сату бойынша Директорлар кеңесінің отырысы сырттай өткізілген кезде, дауыс беру сырттай дауыс беруге арналған арнайы бюллетеньдер бойынша жүргізілген.

Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 26 қазандағы №162 хаттамасына сәйкес шешім қатысқан 9 кеңес мүшесінен тек 4 (4 бюллетень бар) мүшесімен қабылданған, қалған 5 мүшесінің бюллетеньдері аудитке ұсынылмады.

Қоғамның жалғыз акционерінің 2018 жылғы 07 тамыздағы №6 шешімімен бекітілген Жағысының 11,5 тармағына сәйкес Директорлар кеңесін өткізуге арналған кворум Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының жартысынан аз болмауы керек.

**32-тармақ.** Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415 «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 58 бабының 1 тармағына, жалғыз акционерінің 2018 жылғы 07 тамыздағы №6 шешімімен бекітілген Жағысының 11,5 тармағына қайшы «ASIA AGRO HOLDING» ЖШС-гін және «Үй құрылыс комбинаты» ЖШС-гін сату бойынша Директорлар кеңесінің отырысы кворумсыз өткізіліп шешім шығарылған. Бұзушылықтар сыныптаушысында көзделмеген. №34 қосымша 1 бетте (Түсініктеме жасалғанды).

#### **«Ақтөбетермококс» ЖШС**

Директорлар кеңесінің 2012 жылғы 18 шілдедегі №24 хаттамасы негізінде «Мамыт» кен орнында қоңыр көмір өндіру жобасын іске асыру мақсатында «Ақтөбетермококс» ЖШС-мен бірлескен қызмет туралы шарт жасалған.


Ұсынылған деректерге сәйкес 2015 жылғы 28 қыркүйекте Қоғамнан жер қойнауын пайдалану құқығы «Ақтөбетермококс» ЖШС берілген. Қоңыр көмір қоры 68,3 млн. тоннаны құрайды.

«Ақтөбетермококс» ЖШС жарғылық капиталы 1000,0 мың теңгені құрайды. Серіктестіктің құрылтайшылары Қоғам-9,9% 99,0 мың теңгеге, Алдияров Ербол Айтеноұлы - 67% 670,0 мың теңгеге және Абилямжинов Алмаз Жақанұлы - 23,1% 231,0 мың теңгеге.

«Ақтөбетермококс» ЖШС-гі Үкіметпен бекітілген 2016-2020 жылдарға арналған жекешелендірудің кешенді жоспарына енгізіліп, Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 26 қазандағы №161 хаттамасына сәйкес Қоғамның үлесін сату туралы шешімі қабылданған. Қоғамның үлесі 76620,7 мың теңгеге қайта бағаланып, электрондық аукцион жүргізіліп, 2018 жылғы 28 ақпандағы нөмірсіз келісім шартымен «AUNAL» ЖШС-не 13395,2 мың теңгеге сатылған.

**33-тармақ.** Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 қазандағы № 1382 «Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды дамыту тұжырымдамасын мақұлдау туралы» қаулысымен мақұлданған Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды дамыту ТҰЖЫРЫМДАМАСЫнда каралған пайымына сәйкес активтерді тиімді басқаратын өңірлік даму институты бола тұра және табыстылыққа, тиімділікке ұмтылу талаптары сақталмай, Қоғаммен





2018 жылы «Ақтөбетермокок» ЖШС-гі үлесі 63225,5 (76620,7-13395,2) мың теңгеге залалмен сатылған. Бұзушылықтар сыныптаушысында көзделмеген. №35 қосымша 8 бетте (Хаттаманың, келісім шарттың көшімелері жалғанды).

**2) Қоғамның өзге заңды тұлғалардың (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер мен акционерлік қоғамдардың) жарғылық капиталдарына қатысу заңдылығы және нәтижелерін бағалау.**

*Аудиторлық іс-шараның сұрақтары:*

**2.1.9. Акционерлік қоғамның өзге заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуының нәтижелілігі.**

2.1.9.1. Аудит бағдарламасының мәселесін талдау, соның ішінде:

Қоғам құрылғаннан бері ұсынылған деректерге сәйкес 43 ұйымдардың жарғылық капиталдарында үлесі болған. Қазіргі таңда 36 ұйымдарда үлесі бар.

Аудитпен қамтылған кезеңде төмендегідей ұйымдардың жарғылық капиталына қатысқан:

**2017 жылы**

- Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 10 сәуірдегі №150 сырттай отырыс хаттамасы негізінде Темір ауданындағы «Жарлысай» кен орнында құрылыс тасын өндіру жобасын жүзеге асыру мақсатында «СП-Гермес» ЖШС 2017 жылғы 16 маусымдағы нөмірсіз құрылтай шарты жасалған, Қоғамның жарғылық капиталындағы үлесі 20%, немесе 19608,0 мың теңге;

- Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 10 сәуірдегі №150 сырттай отырыс хаттамасы негізінде Мәртөк ауданындағы «Хлебодар-4» кен орнында күм-қиыршық тас қоспасын барлау жобасын жүзеге асыру мақсатында «Даламұнай» ЖШС 2017 жылғы 11 мамырдағы нөмірсіз құрылтай шарты жасалған, Қоғамның жарғылық капиталындағы үлесі 20%, немесе 518,0 мың теңге;

Сонымен қоса төмендегідей ұйымдардағы Қоғамның жарғылық капиталындағы үлесі сатылған:


**2017 жылы**

- Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 10 сәуірдегі №150 сырттай отырыс хаттамасы негізінде құны 200,0 мың теңге құрайтын «Ақтөбе Таза-Күм» ЖШС жарғылық капиталындағы 20% мөлшеріндегі Қоғамның үлесі О.В.Ню сатылу туралы шешім қабылданып, 2018 жылғы 30 наурыздағы нөмірсіз келісім шартымен сатылған;

- Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 10 сәуірдегі №150 сырттай отырыс хаттамасы негізінде құны 218,9 мың теңге құрайтын «Жаксымай-НТ» ЖШС жарғылық капиталындағы 10% мөлшеріндегі Қоғамның үлесі Е.К.Губашеваға сатылу туралы шешім қабылданып, 2017 жылғы 07 маусымдағы келісім шартымен сатылған;

- Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 10 сәуірдегі №150 сырттай отырыс хаттамасы негізінде құны 218,9 мың теңге құрайтын «Жаксымай-НТ» ЖШС жарғылық капиталындағы 10% мөлшеріндегі Қоғамның үлесі





К.Б.Турмухамбетовқа сатылу туралы шешім қабылданып, 2017 жылғы 07 маусымдағы келісім шартымен сатылған;

- Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 10 сәуірдегі №150 сырттай отырыс хаттамасы негізінде құны 730,2 мың теңге құрайтын «Ақтөбе Кристалл Суы» ЖШС жарғылық капиталындағы 20% мөлшеріндегі Қоғамның үлесі С.Г.Нургалиеваға сатылу туралы шешім қабылданып, 2017 жылғы 30 маусымдағы нөмірсіз келісім шартымен сатылған;

- Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 15 желтоқсандағы №164 сырттай отырыс хаттамасы негізінде құны 6536,0 мың теңге құрайтын «Тобол-Полиметалл» ЖШС жарғылық капиталындағы 25% мөлшеріндегі Қоғамның үлесі А.В.Красовских азаматына сатылу туралы шешім қабылданып, 2018 жылғы 31 мамырдағы нөмірсіз келісім шартымен сатылған;

- Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 15 желтоқсандағы №164 сырттай отырыс хаттамасы негізінде құны 5041,0 мың теңге құрайтын «Қияқтытемір» ЖШС жарғылық капиталындағы 25% мөлшеріндегі Қоғамның үлесі «NERIS»-«НЭРИС» ЖШС-не сатылу туралы шешім қабылданып, 2018 жылғы 31 мамырдағы нөмірсіз келісім шартымен сатылған;

- Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 12 қыркүйектегі №158 сырттай отырыс хаттамасы негізінде қайта бағаланған құны 241549,0 мың теңге құрайтын «А-Полиграфия» ЖШС жарғылық капиталындағы 42% мөлшеріндегі Қоғамның үлесі «Шамшырақ-Ақтөбе» ЖШС-не өтеусіз беру туралы шешім қабылданып, 2017 жылғы 18 қыркүйектегі нөмірсіз келісім шартымен өтеусіз берілген;

- Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 12 қыркүйектегі №158 сырттай отырыс хаттамасы негізінде қайта бағаланған құны 83146,0 мың теңге құрайтын «Алико» ЖШС жарғылық капиталындағы 42% мөлшеріндегі Қоғамның үлесі, қайта бағаланған құны 74765,0 мың теңге құрайтын «А-Полиграфия» ЖШС-гі азаматша Е.Б.Кожамбетованың 13% үлесіне алмастыру (айырмашылық 8381,0 мың теңге қосымша төлем ретінде қаралған) туралы шешім қабылданып, 2017 жылғы 15 қыркүйектегі нөмірсіз келісім шартымен үлестері алмастырылған;

- Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 26 қазандағы №162 сырттай отырыс хаттамасы негізінде бағалау құны 491510,0 мың теңге құрайтын «Үй құрылыс комбинаты» ЖШС жарғылық капиталындағы 42% мөлшеріндегі Қоғамның үлесін сату туралы шешім қабылданып, электрондық аукцион жүргізіліп 2017 жылғы 26 қазандағы нөмірсіз келісім шартымен «Ақтөбе-Саудет» ЖШС-не 516392,7 мың теңгеге сатылған;

- Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 26 қазандағы №161 сырттай отырыс хаттамасы негізінде бағалау құны 76620,7 мың теңге құрайтын «Ақтөбетермококс» ЖШС жарғылық капиталындағы 9,9% мөлшеріндегі Қоғамның үлесін сату туралы шешім қабылданып, электрондық аукцион жүргізіліп 2018 жылғы 28 ақпандағы нөмірсіз келісім шартымен «AUNAL» ЖШС-не 13395,2 мың теңгеге сатылған;

2018 жылы

- Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 22 қазандағы №179 сырттай отырыс хаттамасы негізінде құны 5118,0 мың теңге құрайтын «ТАС-Қарғалы» ЖШС жарғылық капиталындағы 25% мөлшеріндегі Қоғамның үлесі «Степное» ЖШС-не сатылу туралы шешім қабылданып, 2018 жылғы 22 қазандағы нөмірсіз келісім шартымен сатылған.

Келтірілген деректерден, аудитпен қамтылған кезеңде Қоғам бастысы жер қойнауын пайдалану жөніндегі бірлескен жобаларға қатысу үлесін сатқанын көруге болады.

Жалпы 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қоғамның кен орнында кең таралған пайдалы қазбаларды игеру жөніндегі жобаларды бірлесіп іске асыру жоспарланған 23 субъектінің жарғылық капиталында үлесі болған.

Жер қойнауын пайдалану құқығына ие бола отырып, Қоғам өзінің стратегиялық қызмет бағыттарының бірін іске асыру мақсатында аталған кен орындарын игеруге қажетті инвестициялар тартуды көздеген.

Қоғамның жер қойнауын пайдалану жөніндегі жобаларды іске асыруға қатысуының нәтижелілігі мен тиімділігін зерделеу бірқатар себептер бойынша және бірінші кезекте әріптестер тартатын инвестициялардың шектеулілігі бойынша барлау кезеңдері мен кен орындарын игерудің басталуы негізсіз созылатынын көрсетті.

Қазіргі уақытта Қоғаммен жер қойнауын пайдалану бойынша бірде-бір жоба іске асырылмаған (*кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру жұмыстары жүргізілмеген*), ал бірқатар ұйымдар жұмыс істемей тоқтап тұр.


Осылайша, түпкілікті нәтижелер мен мақсаттарға ұзақ уақыт жетпей, Қоғамда қатысушылар құрамынан шығу және өзінің қатысу үлесін сату үрдісі мен тәжірибесі белгіленгені байқалады. №36 қосымша 3 бетте (*Жер қойнауын пайдаланушылар бойынша ақпарат жалғанды*).

#### **«А-Полиграфия» ЖШС**

Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 12 қыркүйектегі №158 сырттай отырыс хаттамасы негізінде «А-Полиграфия» ЖШС жарғылық капиталындағы 42% мөлшеріндегі Қоғамның үлесі «Шамшырақ-Ақтөбе» ЖШС-не өтеусіз беру туралы шешім қабылданып, 2017 жылғы 18 қыркүйектегі нөмірсіз келісім шартымен өтеусіз берілген. «А-Полиграфия» ЖШС-нің негізгі қызметі баспа-полиграфиялық қызмет көрсету және баспа өнімдерін өндіру болып табылады. Хаттамада үлесті өтеусіз беруге негізге «А-Полиграфия» ЖШС Қоғамның бейінді емес (непрофильный) және қызметімен байланысты емес активі болуына байланысты деп келтірілген. Алайда осындай шешім қабылдай тұра, осы хаттамамен «Алико» ЖШС жарғылық капиталындағы 42% мөлшеріндегі Қоғамның үлесі, «А-Полиграфия» ЖШС-гі азаматша Е.Б.Кожаметованың 13% үлесіне алмастыру туралы шешім қабылданған.

**34-тармақ.** Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 қазандағы № 1382 «Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды дамыту тұжырымдамасын мақұлдау туралы» қаулысымен мақұлданған Әлеуметтік-





кәсіпкерлік корпорацияларды дамыту ТҰЖЫРЫМДАМАСЫнда каралған пайымына сәйкес активтерді тиімді басқаратын өңірлік даму институты бола тұра және табыстылыққа, тиімділікке ұмтылу талаптары сақталмай, Директорлар кеңесінің бір хаттамасымен Қоғамның бейінді емес (непрофильный) және қызметімен байланысты емес активі деп «А-Полиграфия» ЖШС-нің 42% үлесі өтеусізге беру және қайтадан «А-Полиграфия» ЖШС-дегі Е.Б.Кожаметованың 13% үлесін алу туралы шешімдер қабылданып, Қоғаммен түсініксіз, қызметіне пайдасы жоқ операциялар жасалған. Бұзушылықтар сыныптаушысында көзделмеген. №37 қосымша 7 бетте. (Хаттаманың, келісім шарттардың көшірмелері жалғанды).

### «Алем Тағам» ЖШС

2011 жылғы 15 наурыздағы №4 Басқарма отырысының хаттамасына сәйкес, «Алем Тағам» ЖШС әрқайсысы 576 ш.м. болатын (пайдалы алаңы 500 ш. м.) 80 жылыжай блоктары бар ауыл шаруашылығы жылыжай кешенінің құрылысы бойынша жобаны бірлесіп іске асыруға қатысу ұсынысымен шықты. Яғни, бір циклға 45кг/ш.м. өнім орташа шығымы бар қиярдың жоғары өнімді сорттарын және 10кг/ш.м. өнімнің бір циклға орташа шығымы бар тасымалдауға және сақтаудың жоғары сипаттамасы бар қызанақ сорттарын жабық топырақта өсіруге арналған. Көшетті отырғызғаннан бастап егін піскенге дейін 100 күн өтеді. Егін жинау жылына екі рет жүргізіледі. Өнімділіктің орташа мәндеріне сүйене отырып, ауыл шаруашылығы кешені өнімін өндірудің жалпы көлемі кемінде 800 тонна көкөніс өнімін құрайды деп «Алем Тағам» ЖШС өз ұсынысын берген.

Басқарма отырысының шешімінде келесі жағдайларға сәйкес «Жабық топырақтан жылыжай технологиясы бойынша көкөніс өнімдерін өсіру бойынша ауыл шаруашылығы кешенінің құрылысы» Жобасына қатысқан:


1. «Ақтөбе» ӘКК» АҚ-мен «Алем Тағам» ЖШС-нің жарғылық капиталындағы 9,9% мөлшер үлесін алу.

2. «Ақтөбе» ӘКК» АҚ «Алем Тағам» ЖШС-не 2011 жылғы 30 желтоқсанға дейін жылыжайлар салуға 35 000,0 мың теңге көлемінде нысаналы қарыз беру, яғни қарыз алушының жарғылық капиталындағы 90,1% мөлшеріндегі үлес кепілдігімен және қарыз алушының алаңы 16 га жер учаскесін және ауданы 2 га жер учаскесінде орналасқан пайдалануға берілген жылыжайды кепілге беру туралы кепілдігімен.

2011 жылғы 15 наурыздағы №04/11/ДБП 1 келісім шартына сәйкес, Қоғам «Алем Тағам» ЖШС-не жылыжайлар салуға 35 000,0 мың теңге көлемінде нысаналы қарыз береді. 2012 жылғы 13 наурызда қарыз беру келісім шартына №2 қосымша келісім шартымен өзгерістер енгізілді, яғни қарызды өтеу кестесі бекітілді және қарыз сомасынан 10% мөлшерінде сыйақы көзделген.

2011 жылғы 6 мамырдағы №6/11/ДБП 1 келісім шартына сәйкес, Қоғам «Алем Тағам» ЖШС-не «Ақтөбе облысында суармалы егіншілікті дамыту» жобасын бірлесіп жүзеге асыруға 182 302,5 мың теңге көлемінде нысаналы





қарыз береді. 2011 жылғы 06 мамырдағы №105 төлем тапсырмасымен 110 000,0 мың теңге, 2011 жылғы 13 мамырдағы №118 төлем тапсырмасымен 72 302,5 мың теңге.

Алайда, «Алем Тағам» ЖШС келісім шарттарына сәйкес, өз міндеттерін тиісті түрде орындамағаны үшін Қоғам сотқа жүгінген.

Яғни Қоғам «Алем Тағам» ЖШС-мен бірлесіп жүзеге асыру үшін, ауыл шаруашылығы жылыжай кешенінің құрылысы және Ақтөбе облысында суармалы егіншілікті дамыту жобалары түпкі нәтижеге қол жеткізілмей жүз пайыз жүзеге асырылмаған, соның салдарынан Қоғаммен берілген қаражат толығымен қайтарылмай 2019 жылғы 01 қаңтарына 188 615,3 мың теңге дебиторлық берешек қалыптасқан.

**35-тармақ.** Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 қазандағы № 1382 «Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды дамыту тұжырымдамасын мақұлдау туралы» қаулысымен мақұлданған Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды дамыту ТҰЖЫРЫМДАМАСЫнда каралған пайымына сәйкес активтерді тиімді басқаратын өндірілік даму институты бола тұра және табыстылыққа, тиімділікке ұмтылу талаптары сақталмай, Қоғам «Алем Тағам» ЖШС-мен бірлесіп жүзеге асыру үшін, ауыл шаруашылығы жылыжай кешенінің құрылысы және Ақтөбе облысында суармалы егіншілікті дамыту жобалары түпкі нәтижеге қол жеткізілмей жүз пайыз жүзеге асырылмаған, соның салдарынан Қоғаммен берілген қаражат толығымен қайтарылмай қайтарылмай 2019 жылғы 01 қаңтарына 188 615,3 мың теңге дебиторлық берешек қалыптасқан. Бузушылықтар сыныптаушысында көзделмеген. №38 қосымша 36 бетте (2011 жылғы 15 наурыздағы №4 хаттаманың, 2011 жылғы 5 мамырдағы №9 хаттаманың, 2013 жылғы сот шешімдерінің, салыстыру актісінің көшірмелері қоса жасалғанады).

**«Азық-түлік келісім шарт корпорациясы» Ұлттық компания» АҚ**

Қоғамның несиені қайтару кепілдігімен Ақтөбе облысының 222 ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге (бұдан әрі – АШТӨ) «Азық-түлік келісім шарт корпорациясы» Ұлттық компания» АҚ (бұдан әрі – Азық-түлік корпорациясы) астықты форвардтық сатып алу бағдарламасымен жалпы сомасы 221 1400,0 мың теңге қайтаруға жататын бюджеттік несиелер берілген.

АШТӨ-ді Азық-түлік корпорациясы несиелерді қайтаруға Қоғаммен кепілдік берілген.

Бағдарлама бойынша алынған қаражаттарды АШТӨ өз қарауы бойынша егіс жұмыстарына бағыттайды. Күз айында астық жинаудан кейін аграршылар Азық-түлік корпорациясына сол кезде орын алған нарықтық баға бойынша тиісі өнімді жеткізуді жүзеге асырады.

Дегенмен жасалған шарттар бойынша міндеттемелерді орындау күніне АШТӨ тарапынан Азық-түлік корпорациясы алдында берешектер қалыптасқан. Осыған байланысты, АШТӨ өз міндеттемелерін орындамауына байланысты Азық-түлік корпорациясы сотқа талап арыз берілген. Соттың шешімдеріне сәйкес құзырлы органдармен АШТӨ-дің және Қоғамның есеп шоттарына тиым салынған.

Қоғам қаржы-шаруашылық қызметін тоқта тұруға жол бермеу мақсатында АШТӨ-мен қалыптасқан берешектерді өз қаражатымен өтеуге мәжбүр болған.

2019 жылғы 01 қаңтар жағдайы бойынша АШТӨ Қоғам алдындағы дебиторлық бершегі 145677,0 мың теңге. Қоғам тарапынан АШТӨ-не сотқа талап арыздар берілген. АШТӨ-нің мүліктеріне құзырлы органдармен тиым салынған, сот орындаушылары берешекті өндіріп алу шаралары жүргізілуде. Алайда, АШТӨ бойынша берешектері бүгінгі күнге дейін қайтарылмаған.

**36-тармақ.** Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 қазандағы № 1382 «Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды дамыту тұжырымдамасын мақұлдау туралы» қаулысымен мақұлданған Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды дамыту ТҰЖЫРЫМДАМАСЫнда қаралған пайымына сәйкес активтерді тиімді басқаратын өмірлік даму институты бола тұра және табыстылыққа, тиімділікке ұмтыну талаптары сақталмай, Қоғамның кепілдігімен Азық-түлік корпорациясы несиелері бойынша АШТӨ уақытында өтелмегені үшін Қоғам өз қаражаты есебінен өтеуге мәжбүр болған. Қазіргі таңда, Қоғамға алдында АШТӨ-нің дебиторлық бершегі **145677,0 мың теңге** қалыптасқан. Бұзушылықтар сыныптауышысында көзделмеген. №39 қосымша 5 бетте *(АШТӨ дебиторлық берешектері бойынша кестесі және АШТӨ жалпы берілген ақпараты жалғанады).*

#### «Полимер Мұнай Газ» ЖШС

Аудитпен қамтылған кезеңде аралығында Қоғам қаржылық есебінде «Полимер Мұнай Газ» ЖШС ұзақ мерзімге алынған заемдар бойынша дебиторлық берешектері 10000,0 мың теңге қалыптасқан.

1 «С» бухгалтерлік бағдарламаасынан алынған деректеріне сәйкес «Полимер Мұнай Газ» ЖШС-гі бойынша 2011 жылғы 06 қыркүйек айында №07/11/ДБП мақсатты қарыз шартымен Қоғамнан 15000,0 мың теңге қарыз алынған. 2012 жылғы 29 желтоқсанда Қарыздың 5000,0 мың теңгесі өтелген. Аталған қарыздың шарты ұсынылған жоқ.


«Полимер Мұнай Газ» ЖШС-не берілген қарыздың қайтарым уақыты өтседе қайтырылмай, оларды қайтару үшін Қоғам тарапынан ешқандай шара қолданылмаған. Яғни, Қоғам қарыз алушы «Полимер Мұнай Газ» ЖШС-нен 10000,0 мың теңге қарызды өндіріп алушы үшін сотқа талап арыз берілмеген.

2010 жылғы 14 қазанда «Полимер Мұнай Газ» ЖШС-гі оқшаулағыш композицияны өндіру бойынша технологиялық желіні сатып алу үшін «Цеснабанк» АҚ-нен 85000,0 мың теңгеге несие алынған.

Қарыз алушы «Полимер Мұнай Газ» ЖШС болып табылатын «Цеснабанк» АҚ-мен несие шарттары бойынша «Батыс-Агро 2008» ЖШС кепіл беруші ретінде әрекет еткен. «Цеснабанк» АҚ кепілге «Батыс-Агро 2008» ЖШС-тің Ақтөбе қаласы, 41 разъезд, 290, 292 және 292-№1 орналасқан жалпы тауар сақтайтын қойманы және оқшаулағыш композицияны өндіру бойынша технологиялық желіні алған.

2016 жылғы 10 тамыздағы Іс №1513-16-00-2/1182 Ақтөбе обылысы бойынша ауданаралық мамандандырылған сотының шешіміне сәйкес қарыз







алушы «Полимер Мұнай Газ» ЖШС-гі қарызды қайтармағаны үшін «Батыс-Агро 2008» ЖШС-тен кепілге салынған Ақтөбе қаласы, 41 разъезд, 290, 292 және 292-№1 орналасқан жалпы тауар сақтайтын қойманы «Цеснабанк» АҚ-ның пайдасына өндіріп алуға шешім шығарған. Қазіргі таңда аталған қойманы соттың шешімімен тиым салынып тұр.

«Полимер Мұнай Газ» ЖШС-гі қазіргі таңда жұмыс істемейді, кепілге қойылған мүлігі пайдалануға жарамсыз және қалпына келтіруге жатпайды.

**37-тармақ.** Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 қазандағы № 1382 «Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды дамыту тұжырымдамасын мақұлдау туралы» қаулысымен мақұлданған Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды дамыту ТҰЖЫРЫМДАМАСЫнда қаралған пайымына сәйкес активтерді тиімді басқаратын өнірлік даму институты бола тұра және табыстылыққа, тиімділікке ұмтылу талаптары сақталмай, Жоғарыда көрсетілгендерге сәйкес Қоғам қарыз алушы «Полимер Мұнай Газ» ЖШС-нен **10000,0 мың теңге** қарызды өндіріп алушы үшін сотқа талап арыз берілмеген және Қоғам жобаны сәтсіз жүзеге асыруына байланысты кепілге қойылған қоймалардың жоғалту қаупі бар. Бұзушылықтар сыныптаушысында көзделмеген. №40 қосымша 5 бетте (Сот шешімінің көшірмесі жалғанады).

#### «Сервис уюта» ЖШС

2010 жылғы 3 қыркүйектегі №63 Басқарма отырысының хаттамасына сәйкес, 2008-2010 жылдарға арналған тұрғын үй құрылысының мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында 2008 жылы ЖТҚ инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын салуға республикалық бюджеттен 200 000 мың теңге бөлінді.

2010 жылдың 1 тамызына дейін қоғамға тек бір ғана өтінім келіп түсті, яғни «Сервис уюта» ЖШС-нен (бұдан әрі – Серіктестік). Серіктестік Ақтөбе қаласы, Благодар а/о мекенжайы бойынша орналасқан құрылыс үшін алаңы 3 га жер телімін беру және жобаны басқаруда іске асыруды орындау арқылы Жобаға қатысу ұсынысымен жүгінді.

Жобамен «Батыс» ӘКК» ҰК» АҚ «Сервис уюта» ЖШС-тің жарғылық капиталындағы құны 11,6 мың теңге 9,9% мөлшеріндегі үлесті алу және жобаны іске асыру үшін 2012 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі мерзімде қайтарылатын 200 000,0 мың теңге мөлшеріндегі ақшалай қаражатты қарызға беру болжанып отыр.

2010 жылғы 03 қыркүйектегі №06/10/ДБП/1 «Ақтөбе қаласында коттедж түріндегі жеке тұрғын үйлердің құрылысы» инвестициялық жобасын бірлесіп іске асыру туралы шартқа сәйкес, «Сервис уюта» ЖШС-мен міндетті құқықтық қатынастар пайда болды, оның шарттары бойынша «Сервис уюта» ЖШС коттедж кентін салу үшін «Жеке тұрғын үй құрылысы» мәртебесі бар Ақтөбе қаласы, Благодар ауылдық округі мекен-жайы бойынша орналасқан 25 га жер учаскесін береді, оның ішінде 3 га «Батыс» ӘКК» ҰК» АҚ тұрғын үй құрылысы үшін береді.





«Батыс» ӘКК» ҰК» АҚ «Сервис уютта» ЖШС-не құрылыс-дайындық жұмыстары және инженерлік-коммуникациялық желілерді жедел, камтамасыз ету және қайтарымдылық жағдайында жүргізу үшін нысаналы пайызсыз қарыз түрінде жалпы сомасы 200 000,0 мың теңгеге ақшалай қаражат ұсынады.

Жобаны іске асырудың бастапқы мерзімі 2014 жылғы 31 желтоқсанға дейін. 2011 жылғы 8 желтоқсандағы №1 қосымша келісіммен жобаны іске асыру мерзімі 2016 жылғы 31 желтоқсанға дейін ұзартылды.

2012 жылғы 13 ақпандағы қарыз шарты бойынша міндеттемелердің орындалуын камтамасыз ету мақсатында «Сервис уютта» ЖШС «Батыс» ӘКК» ҰК» АҚ-ға Ақтөбе қаласы, Благадар ауылдық округі, 507 учаскесі, кадастрлық нөмірі 02-036-212-067 мекенжайында орналасқан, «Сервис уютта» ЖШС-нің жеке меншік құқығында тиесілі, аланы 23,9283 га жер учаскесін кепілге берді.

2012 жылғы 11 қыркүйектегі қаржы полициясының қаулысына сәйкес, «Батыс» ӘКК» ҰК» АҚ-ның қаражатын мақсатқа сай емес, «Сервис уютта» ЖШС-нің өз мұқтаждары үшін пайдалану фактілері, шартпен байланысты емес, басқа объектілер құрылысы фактілері анықталған.

Қылмыстық қудалау органы «Ақтөбе қаласында коттедж түріндегі жеке тұрғын үйлердің құрылысы» инвестициялық жобасын іске асыру үшін Қоғаммен бөлінген 200 000,0 мың теңге көлеміндегі пайызсыз қарызды мақсатсыз пайдалану фактісі бойынша «Сервис уютта» ЖШС директоры С.А.Джусипалиевке қатысты «Қазақстан Республикасы мемлекеттік тәуелсіздігінің жиырма жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы» заң бойынша рақымшылық жасау актісінің салдарынан қылмыстық іс қозғаудан бас тартылды.

Сонымен қатар, «Сервис уютта» ЖШС келісім шарттарына сәйкес, өз міндеттерін тиісті түрде орындамағаны үшін Қоғам сотқа жүгінген.

2014 жылғы 20 мамырдағы №2а-1121/2014 апелляциялық сот «Сервис уютта» ЖШС Қоғам пайдасына 189 400,0 мың теңге және тұрақсыздық айыбын 10 000,0 мың теңге өндіріп алу туралы қаулы еткен.

2018 жылғы 22 қаңтардағы берешекті өтеу туралы келісімге сәйкес, «Ақтөбе қаласында коттедж түріндегі жеке тұрғын үйлердің құрылысы» инвестициялық жобасын іске асыру үшін Қоғаммен бөлінген 200 000,0 мың теңгені жабуға Ақтөбе қаласы, Благадар ауылдық округі, 507 учаскесі, кадастрлық нөмірі 02-036-212-067 мекенжайында орналасқан, «Сервис уютта» ЖШС-нің жеке меншік құқығында тиесілі, аланы 23,9283 га жер учаскесі берілген.

Жылжымайтын мүлікті бағалау туралы 2016 жылғы 12 мамырдағы №АА/16-203 есепке сәйкес учаскенің нарықтық құны 213 087,0 мың теңгені құрайды.

2010 жылғы 16 тамыздағы № 2365 Ақтөбе қаласы әкімінің қаулысына сәйкес, 23,9283 га жер учаскесін сатып алу бағасы 26 799,7 мың теңге.

Жоғарыда көрсетілгенге сәйкес, бағасы 26 799,7 мың теңге сатып алынған жер, құны 213 087,0 мың теңгеге бағаланып Қоғам алдында берешегі жабылған.




Демек Қоғам «Сервис уютта» ЖШС-мен бірлесіп жүзеге асыру үшін, «Ақтөбе қаласында коттедж түріндегі жеке тұрғын үйлердің құрылысы» инвестициялық жобасы түпкі нәтижеге қол жеткізілмей жүз пайыз жүзеге асырылмаған. Сонымен қоса, бағасы 26 799,7 мың теңге сатып алынған жер, құны 213 087,0 мың теңгеге бағаланып Қоғам алдында берешегі жабылған.

**38-тармақ.** Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 қазандағы № 1382 «Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды дамыту тұжырымдамасын мақұлдау туралы» қаулысымен мақұлданған Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды дамыту ТҰЖЫРЫМДАМАСЫнда қаралған пайымына сәйкес активтерді тиімді басқаратын өңірлік даму институты бола тұра және табыстылыққа, тиімділікке ұмтылу талаптары сақталмай, Қоғам «Сервис уютта» ЖШС-мен бірлесіп жүзеге асыру үшін, «Ақтөбе қаласында коттедж түріндегі жеке тұрғын үйлердің құрылысы» инвестициялық жобасы түпкі нәтижеге қол жеткізілмей жүз пайыз жүзеге асырылмаған. Сонымен қоса, бағасы 26 799,7 мың теңге сатып алынған жер, құны 213 087,0 мың теңгеге бағаланып Қоғам алдында берешегі жабылған. Бұзушылықтар сыныптаушысында көзделмеген. №41 қосымша 44 бетте (2010 жылғы 3 қыркүйектегі №63 хаттаманың, 2011 жылғы 24 наурыздағы №5 хаттаманың, 2010 жылғы 16 тамыздағы №2365 қала әкімі қаулысының, жер учаскесін сатып алу-сату типтік шартының, 2014 жылғы сот шешімдерінің, 2016 жылғы 18 мамырдағы №159 хаттаманың, 2018 жылғы 22 қаңтардағы берешекті өтеу туралы келісімнің, салыстыру актісінің көшірмелері қоса жалғанды).



#### «Табыс Қала» ЖШС

Сонымен қоса жарғылық капиталында Қоғамның 100% үлесі бар «Табыс Қала» ЖШС алдында 2019 жылдың 01 қаңтарына ұсынылған деректерге сәйкес 19097,9 мың теңге дебиторлық берешек тіркелген. Осы берешек өзгеріссіз 2016 жылдың 01 қазаннан бастап тіркеліп келген. Оған қоса осы Серіктестік бүгінгі күні жұмыс жасамай тұр.

**39-тармақ.** Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 қазандағы № 1382 «Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды дамыту тұжырымдамасын мақұлдау туралы» қаулысымен мақұлданған Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды дамыту ТҰЖЫРЫМДАМАСЫнда қаралған пайымына сәйкес активтерді тиімді басқаратын өңірлік даму институты бола тұра және табыстылыққа, тиімділікке ұмтылу талаптары сақталмай, «Табыс Қала» ЖШС-нен 19097,9 мың теңге дебиторлық берешектерді өндіру бойынша жұмыстар жүргізілмей, көрсетілген Серіктестік бүгінгі күні жұмыс жасамай тұрғанына байланысты қаражаттар тиімсіз шығындалғаны көрінеді. Бұзушылықтар сыныптаушысында көзделмеген. №42 қосымша 2 бетте (Айналым-сальдолық тізімдемесінің көшірмесі жалғанды).

#### «Ақтөбе-Жылыжай» ЖШС

2012 жылғы 16 сәуірдегі №21 Қоғам директорлар кеңесінің сырттай отырысының хаттамасына сәйкес, Қоғам «Ақтөбе-Жылыжай» ЖШС-нен

«Ақтөбе қаласында қызанақ және қияр өсіру үшін жылыжай кешенінің құрылысы» жобасын бірлесіп іске асыру туралы ұсыныс түсті.

Жобаның бастапқы құны 1,8 млрд. теңгені құрайды. Ақтөбе қаласының маңында 8 га жер учаскесі бар. Құрылыс барысында жылыжай жабдықтарына «Invernaderos trigo» испандық өндірушінің озық технологиялары пайдаланылады. Жылыжай кешенінің қуаты жылына 2,5 мың тонна көкөніс өнімдерін өндіреді. 45 жаңа жұмыс орнын ашу жоспарлануда.

Жобаны өңірлік үйлестіру кеңесі Индустрияландыру картасына енгізу үшін мақұлдады.

Жобаның бастамашысы Қоғамнан жобаны бірлесіп іске асыру үшін 500,0 млн. теңге бөлуді ұсынады.

Директорлар кеңесінің отырысында «Ақтөбе қаласында қызанақ және қияр өсіру үшін жылыжай кешенінің құрылысы» жобасына 500,0 млн. теңге беруге шешім шығарады.

2012 жылғы 17 сәуірдегі «Ақтөбе қаласында қызанақ және қияр өсіру үшін жылыжай кешенінің құрылысы» жобасын бірлесіп іске асыру шартына сәйкес 416 000,0 мың теңге берілген.

2012 жылғы 20 сәуірдегі №164 төлем тапсырмасымен 300 000,0 мың теңге, 2013 жылғы 02 қыркүйектегі №471 төлем тапсырмасымен 16 000,0 мың теңге, 2015 жылғы 14 сәуірдегі №18 төлем тапсырмасымен 27 229,5 мың теңге, 2015 жылғы 14 сәуірдегі №19 төлем тапсырмасымен 29 931,0 мың теңге және 2015 жылғы 14 сәуірдегі №20 төлем тапсырмасымен 42 839,4 мың теңге берілген.

Осы шарт бойынша инвестицияларды қайтару «ҚазАгроҚаржы» АҚ алдындағы несиелік міндеттемелерді толық өтегеннен кейін жүргізіледі. 2018 жылғы 31 желтоқсанына 271 000,0 мың теңге дебиторлық берешек қалыптасқан.

**2.1.1.3. Үстеме тексерудің қысқаша нәтижелері:** Аудиторлық іс-шаралар жүргізу барысында ««Ақтөбе» индустриялық аймағын басқару компаниясы» ЖШС, «ASECA» ЖШС, «Базарларды басқару» ЖШС үстеме тексерулер жүргізіліп, төмендегідей бұзушылықтар анықталды:

**««Ақтөбе» индустриялық аймағын басқару компаниясы» ЖШС**

Серіктестіктің жарғылық капиталын 50000,0 мың теңгеге қалыптастыру кезінде Қоғаммен қаржылық экономикалық негіздеме (әрі қарай – ҚЭН) әзірленген.

ҚЭН-ге сәйкес кезеңдер бойынша түсімдер мен кірістер болжамы төмендегідей:

мың теңге				
№	Көрсеткіштер	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл
1	Бюджет қаражаттары ЖК құруға	50000,0	0	0
2	Қарыз қаражаттары	164565,0	218135,0	218135,0
3	ҚҚС-мен коммуналдық қызметтерді сатудан түскен түсім		20260,0	20260,0
	Барық түсімдер	214565,0	238395,0	238395,0

Көрсетілгендей Серіктестік қызметі қарыз қаражаттары және коммуналдық қызметтерді сатудан түскен түсімдер арқылы қаржыландыруы қарастырылған. Алайда осыған қарамастан Серіктестіктің қызметі 2017 жылы 126609,0 мың теңгеге, 2018 жылы 107089,0 мың теңгеге бюджет қаражаттары есебінен қаржыландырылған. Бұл қаражаттарды «Ақтөбе облысының индустриялық-инновациялық даму басқармасы» ММ-сі Қоғам арқылы Индустриялық аймақтың ішкі және сыртқы инженерлік жүйелерінің оперативтік шығыстарына деп бөлген.

**1-тармақ.** ҚЭН-де Серіктестік қызметі қарыз қаражаттары және коммуналдық қызметтерді сатудан түскен түсімдер арқылы қаржыландыруы жоспарлануына қарамастан 2017 жылы **126609,0 мың теңгеге**, 2018 жылы **107089,0 мың теңгеге** бюджет қаражаттары есебінен қаржыландырылған.

ҚЭН-ге сәйкес түпкілікті нәтиже 2016 жылы 300, 2017 жылы 1200, 2018 жылы 1500 жаңа жұмыс орындарын құру болса нақтысында ұсынылған деректерге сәйкес 2016 жылы жобалардың жүзеге асырылмауына байланысты жұмыс орындары құрылмаған, 2017 жылы іске қосылған 3 жоба бойынша 120 жұмыс орны, 2018 жылы іске қосылған 5 жоба бойынша 300 жұмыс орындары құрылған.


**2-тармақ.** 2016 жылы 300 жұмыс орнын құру жоспарында жұмыс орындары құрылмай, 2017 жылы 1200 жұмыс орнын құру жоспарында нақты 120 жұмыс орны құрылып, 2018 жылы 1500 жұмыс орынын құру жоспарында нақты 300 жұмыс орны құрылып ҚЭН-де қаралған түпкілікті нәтижеге қол жеткізілмеген.


### «ASECA» ЖШС

2008 жылғы 09 сәуірдегі №6 хаттамасында Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес «Батыс-агро 2008» ЖШС-нің негізгі қызметі ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді, сатып алуды, жеткізуді, сатуды, сондай-ақ оны сақтауды, қайта өңдеу, тасымалдау жөніндегі қызметтерді жүзеге асыруға мақсат қойған.

Жарғылық мақсаттарды іске асыру үшін Серіктестік белгілі бір қызметтерді жүзеге асырып бастаған. Атап айтқанда:

- 1) Серіктестіктің жалпы сомасы 50795,0 мың теңгеге өзге ұйымдарға қатысуы үлестері тіркелген, оның ішінде: Ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар «Ақтөбе ауыл микрокредит» Микроқаржы ұйымы» ҚЖС-не – 10125,0 мың теңге; Өзгеде ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар «Табыс Қала» ЖШС-не – 40670,0 мың теңге;
- 2) Серіктестіктің жалпы сомасы 374,0 мың теңгеге үлестік қатысу әдісімен есепке алынатын инвестициялары тіркелген, оның ішінде: 1) «Батыс қаржы» ЖШС-не – 54,0 мың теңге; 2) «АйсАгро» СДО» ЖШС-не – 64,0 мың теңге; 3) «Қарғалы» СДО» ЖШС-не – 64,0 мың теңге; 4) «Мәртөк» СДО» ЖШС-не – 64,0 мың теңге; 5) «Тандем» СДО» ЖШС-не – 64,0 мың теңге; 6) «Хромтау» СДО» ЖШС-не – 64,0 мың теңге.





Аталған инвестициялық шығын Серіктестіктің қаржылық есебінде ұзақ мерзімді активтерде көрсетілген.

Алайда, аудитпен қамтылған кезең аралығында Серіктестік Директор кеңесінің хаттамасында көрсетілген негізгі қызметтерді жүзеге асырмай, Серіктестік басым көпшілік қызметі өзінің жалғыз Құрылтайшысына қызмет көрсету арқылы кіріс түсіргені анықталды. Атап айтқанда, Құрылтайшыға қызметкерлердің көмегін ұсыну қызметінен және автомобильді қосалқы жалға беруден табыс тапқан. Яғни, Серіктестік Директорлар кеңесімен жүктелген негізгі мақсатты қызметтерді жүзеге асырмаған.

**1-тармақ.** «Батыс» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы» ҰК» АҚ-ның 2008 жылғы 09 сәуірдегі №6 хаттамасында Директорлар кеңесі мүшелерінің сырттай дауыс беру шешімінің 1 тармағына қайшы, Серіктестік Директорлар кеңесімен жүктелген негізгі мақсатты қызметтерін жүзеге асырмаған.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V Еңбек Кодексінің 68 бабының 3 тармағында негізгі жұмыс орны бойынша және қоса атқаратын жұмысы бойынша күнделікті жұмыстың жиынтық ұзақтығы осы Кодекстің 71-бабының 4-тармағында белгіленген күнделікті жұмыс ұзақтығының нормасынан 4 сағаттан артық аспауға тиіс. Алайда, бас бухгалтер А.Т.Шеркешбаеваның 2015 жылғы 07 шілдедегі №80 еңбек шартында 3.2. тармағында қызметкерге сегіз сағаттық жұмыс күні белгіленгені (басталуы 08:30 сағат, аяқталуы 18:00 сағатта) анықталды.


**2-тармақ.** Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V Еңбек Кодексінің 68 бабының 3 тармағына қайшы, бас бухгалтер А.Т.Шеркешбаеваның 2015 жылғы 07 шілдедегі №80 еңбек шартында 3.2. тармағында қызметкерге сегіз сағаттық жұмыс күні белгіленген.


Серіктестіктің қазіргі таңда Құрылтайшысының алдындағы берешегі 51663,0 мың теңгені құрайды. Серіктестік 2014 жылғы 16 маусыдағы н/ж пайысыз заемның 2.2. тармағында қарызды өтеу мерізімі 2015 жылғы 31 желтоқсанға дейін. Алайда 2018 жылғы 31 желтоқсанға дейін Серіктестіктің есепшотындағы депозит қалдығының 28494,7 мың теңгесімен заем берешегі өтемелгені анықталды. Бүгінгі күнге, аталған заем бойынша берешегі 25534,1 мың теңгені құрайды.

**3-тармақ.** 2014 жылғы 16 маусымда нөмері жоқ пайысыз заем шартының 2.2. тармағына қайшы, 2018 жылғы 31 желтоқсанға дейін Серіктестіктің есепшотындағы депозит қалдығының 28494,7 мың теңгесімен заем берешегі өтемелген. Бүгінгі күнге, аталған заем бойынша берешегі 25534,1 мың теңгені құрайды.

#### **«Базарларды басқару» ЖШС**

2016 жылғы 3 қарашадағы №461-ө Ақтөбе облысының әкімімен, Ақтөбе облысының тұрақтандыру қорын басқару жөніндегі комиссия отырысының 2016 жылғы 2 қарашадағы №36 хаттамасымен белгіленген азық-түлік тауарларының тізбесіне, көлеміне және тіркелген сатып алу бағасына сәйкес Ақтөбе облысының тұрақтандыру қорына азық-түлік тауарларының сатып алу интервенциясы өткізілсін деп өкім шығарылған.





Облыс әкімінің өкіміне сәйкес, Серіктестік 2016 жылғы 11 қарашадағы келісім шартымен «Ортаазиялық қант корпорациясы» ЖШС-нен жалпы сомасы 74 800,0 мың теңгеге 340 тонна құмшекер сатып алынған. Құмшекердің 1 кг. – 220 теңгені құрайды.

Алайда, Серіктестіктің ай сайынғы жасап отырған мониторингіне сәйкес, 2017 жылғы қаңтар айынан бастап 2018 жылғы шілде айына дейін Ақтөбе қаласының Дина және Анвар дүкендерінде құмшекердің бағасы 170-208 теңгемен тербеленіп тұрған. Тек қараша-желтоқсан айларында Ақтөбе қаласының Дина және Анвар дүкендерінде құмшекердің орташа бағасы 230-237 теңгемен тербеленіп тұрған.


Яғни, Комиссия мүшелері бюджет қаражатының бекітілген көлемін пайдалана отырып, бюджет қаражатынан жалпы сомасы 74 800,0 мың теңгеге 340 тонна құмшекерді сатып алуды тиімсіз жоспарлаған.

**1-тармақ.** ҚР 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджет Кодексінің 4 тармағының 12 тармақшасына қайшы, Комиссия мүшелері бюджет қаражатының бекітілген көлемін пайдалана отырып, бюджет қаражатынан жалпы сомасы 74 800,0 мың теңгеге 340 тонна құмшекерді сатып алуды тиімсіз жоспарлаған.

ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 9 қазандағы №1280 «Азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыру және пайдалану қағидаларын бекіту туралы» қаулысының 17,18,19 және 23 тармақтарына сәйкес, сатып алу интервенцияларын жүргізу туралы Комиссияның ұсынымы хаттама түрінде жасалады және оған Комиссия мүшелері отырыс өткізілген күні қол қойып, облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкіміне бір жұмыс күні ішінде шешім қабылдау үшін енгізіледі, тұрақтандыру қорын қалыптастыру туралы Комиссияның хаттамасында сатып алуға жататын тауарлардың тізбесі, олардың көлемі және оларға бекітілген сатып алу бағалары көрсетіледі, сатып алу интервенцияларын жүргізу үшін азық-түлік тауарларына бекітілген баға Комиссия шешімімен нарықтық баға деңгейінде белгіленеді және Комиссияның шешімі бойынша азық-түлік тауарларын өндірумен байланысты шығындарды алдын ала қаржыландыру жолымен азық-түлік тауарларының жоспарланған көлемін кепілді сатып алу мақсатында мамандандырылған ұйыммен азық-түлік тауарларын тауар өндірушілерден сатып алуға фьючерстік және форвардтық шарттар жасасуға жол беріледі. Бұл ретте көрсетілген шарттардың орындалуына жауапкершілік тиісті шарт жасасқан мамандандырылған ұйымға жүктеледі.

2016 жылғы 26 қыркүйектегі №35 Ақтөбе облысының азық-түлік тауарларының тұрақтандыру қорын басқару жөніндегі комиссия отырысының хаттамасына сәйкес, облыстың тұрақтандыру қорына 200,0 тонна көлемінде 1л. бағасы 300 теңгеден «Ақтөбе Фудс» ЖШС-нен күнбағыс майы сатып алынсын, сондай-ақ, Қоғаммен 2016-2017 жылдарға 300,0 тонна көлемінде картопты қосымша салу үшін «СХФ Пригородный» ЖШС-мен шарт жасассын деп комиссиямен шешім шығарылған.







2016 жылғы 27 қыркүйектегі №405-ө Ақтөбе облысының әкімімен, Ақтөбе облысының тұрақтандыру қорын басқару жөніндегі комиссия отырысының 2016 жылғы 26 қыркүйектегі №35 хаттамасымен белгіленген азық-түлік тауарларының тізбесіне, көлеміне және тіркелген сатып алу бағасына сәйкес Ақтөбе облысының тұрақтандыру қорына азық-түлік тауарларының сатып алу өткізілсін деп өкім шығарылған.

Яғни, 2016 жылғы 26 қыркүйектегі №35 Ақтөбе облысының азық-түлік тауарларының тұрақтандыру қорын басқару жөніндегі комиссия отырысының хаттамасында Комиссия мүшелері сатып алуға жататын тауарлардың тізбесі, олардың көлемі және оларға бекітілген сатып алу бағаларынан басқа тауар өндірушілерінде көрсетіп отыр.

2017 жылғы 24 қазандағы №45 Ақтөбе облысының азық-түлік тауарларының тұрақтандыру қорын басқару жөніндегі комиссия отырысының хаттамасына сәйкес, келесі тауарларды сатып алуға шешім шығарылған. Олар:

Жеткізуші	Аты	Бағасы тг/кг	Көлемі тонна	Бағасы, мың теңге
«СХФ Пригородное» ЖШС	Картоп	55	900	49 500
	Орамжапырақ	45	100	4 500
	Пияз	45	200	9 000
«DZHAN» ЖШС	Картоп	55	580	31 900
Оңтүстік өңірлерден	Сәбіз	55	200	11 000
<b>Жиыны</b>				<b>105 900</b>

**2-Тармақ.** ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 9 қазандағы №1280 «Азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыру және пайдалану қағидаларын бекіту туралы» қаулысының 23 тармағына қайшы, 2016 жылғы 26 қыркүйектегі №35 және 2017 жылғы 24 қазандағы №45 Ақтөбе облысының азық-түлік тауарларының тұрақтандыру қорын басқару жөніндегі комиссия отырысының хаттамаларында Комиссия мүшелері сатып алуға жататын тауарлардың тізбесінен, олардың көлемінен және оларға бекітілген сатып алу бағаларынан басқа тауар өндірушілерінде көрсетіп отыр.

Серіктестік 2017 жылғы 16 қарашадағы келісім шартымен «Мир» ШҚ-нан жалпы сомасы 11 000,0 мың теңгеге 200 тонна сәбіз сатып алынған. Сәбіздің 1 кг. – 55 теңгелі құрайды.

Алайда, 2018 жылы сәбіздің бұзылуына байланысты, осы жылдың 8 маусымында №16 бұйрығымен комиссия құрылып 45 920кг. (сомасы 2525,6 мың теңге) сәбіз полигонға тапсырылған, тағыда осы жылдың 14 тамызында №22 бұйрығымен комиссия құрылып 22 500кг. (сомасы 1237,5 мың теңге) сәбіз полигонға тапсырылған. Сонымен қатар, 2018 жылғы 14 қыркүйектегі №25 бұйрығымен тұрақтандыру қоры өнімдерінің ақауын есептен шығарылды. Оның ішінде сәбіз 11625,709кг. (сомасы 639,4 мың теңге) құраған.

Яғни, 2017 жылғы 16 қарашадағы келісім шартымен «Мир» ШҚ-нан жалпы сомасы 11 000,0 мың теңгеге сатып алынған 200 тонна сәбіздің 80045,709кг. (4 404,5 мың теңге) полигонға тапсырылған.

Аталған сәбзіді Ақтөбе облысының азық-түлік тауарларының тұрақтандыру қорын басқару жөніндегі комиссия отырысының хаттамасымен сатқанымен тұтынушылар тарапынан оңтүстік өңірден алып келінген сәбізге сұраныс болмаған.

Демек, оңтүстік өңірден алынған сәбіз өнімдері тұтынушылар тарапынан сұранысқа ие болмаған сонымен қатар, сатып алынған сәбіздің 40%-ы шіріп кетуіне байланысты есептен шығару актісімен полигонға тапсырылған.

Яғни, Комиссия мүшелері бюджет қаражатының бекітілген көлемін пайдалана отырып, бюджет қаражатынан жалпы сомасы 11 000,0 мың теңгеге 200 тонна сәбізді сатып алуды тиімсіз жоспарлаған.

**3-тармақ.** ҚР 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-ІV Бюджет Кодексінің 4 тармағының 12 тармақшасына қайшы, Комиссия мүшелері бюджет қаражатының бекітілген көлемін пайдалана отырып, бюджет қаражатынан жалпы сомасы 11 000,0 мың теңгеге 200 тонна сәбізді сатып алуды тиімсіз жоспарлаған.

2018 жылғы 29 қаңтардағы №47 Ақтөбе облысының азық-түлік тауарларының тұрақтандыру қорын басқару жөніндегі комиссия отырысының хаттамасына сәйкес, тұрақтандыру қорының операторына 2018 жылдың сәуір және мамыр айларында сату үшін облыстың тұрақтандыру қорына 1 кг. (жеткізусіз) 110 теңге бағасымен 500 тонна картоп сатып алынсын деп комиссиямен шешім шығарылған.

2018 жылғы 28 ақпандағы №48 Ақтөбе облысының азық-түлік тауарларының тұрақтандыру қорын басқару жөніндегі комиссия отырысының хаттамасына сәйкес, ақша қаражатының жетіспеуіне байланысты 500 тонна картоп 400 тоннаға азайтылсын деп шешім шығарылған.

Серіктестік 2018 жылғы 07 ақпандағы келісім шартымен «Заря» ШҚ-нан жалпы сомасы 44 000,0 мың теңгеге 400 тонна картоп сатып алынған. Картоптың 1 кг. – 110 теңгені құрайды.

Алайда, Серіктестіктің ай сайынғы жасап отырған мониторингіне сәйкес, 2018 жылғы сәуір-мамыр айларында Ақтөбе қаласының Дина және Анвар дүкендерінде картоптың бағасы 99-159 теңгемен тербеленіп тұрған.

Сонымен қатар, 2018 жылғы 8 маусымдағы №51 Ақтөбе облысының азық-түлік тауарларының тұрақтандыру қорын басқару жөніндегі комиссия отырысының хаттамасына сәйкес, Павлодар қаласында сатып алынған картоптың бүлінуді болдырмау және шығындарды төмендету мақсатында, сатып алу бағасынан төмен бағаға 280 тонна көлеміндегі барлық өнім қалдығын сату, өйткені бүгінгі күні өткен жылғы картоптың бағасы 75 теңгеден және оны одан әрі іске асыру үшін қауіп төндіреді. Операторға 3 жыл ішінде болашақ кірістер есебінен 9 800 000 теңге мөлшеріндегі шығынды өтеуге комиссия мүшелерімен шешім шығарылған.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінен (stat.gov.kz) алынған ақпарат бойынша Ақтөбе облысындағы картоптың нақтыланған егістік алаңы 2016ж. – 6,0 мың гектар, 2017ж. – 6,2

мың гектар, 2018ж. – 6,3 мың гектар егілген. Картоптың өнімділігі 2016ж. – 155,6 центнер бір гектардан, 154,5 центнер бір гектардан, 163,4 центнер бір гектардан алынған. Картоптың жалпы жиыны 2016ж. – 92,7 мың тонна, 2017ж. – 95,0 мың тонна, 2018ж. – 103,4 мың тонна алынған.

Демек, Серіктестік өзінің жүргізіп отырған мониторингіне тиісті және тиімді түрде талдау жүргізбей, ресми статистикалық ақпаратқа жүгінбей Павлодар облысынан жол шығынын есептемегенде 1 кг. 110 теңгеден 400 тонна картоп сатып алған. Яғни, Серіктестік бюджет қаражатының бекітілген көлемін пайдалана отырып, бюджет қаражатынан жалпы сомасы 44 000,0 мың теңгеге 400 тонна картопты сатып алуды тиімсіз жүзеге асырған.

**4-тармақ.** ҚР 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджет Кодексінің 4 тармағының 12 тармақшасына қайшы, Серіктестік өзінің жүргізіп отырған мониторингіне тиісті және тиімді түрде талдау жүргізбей, ресми статистикалық ақпаратқа жүгінбей Павлодар облысынан жол шығынын есептемегенде 1 кг. 110 теңгеден 400 тонна картоп сатып алған. Яғни, Серіктестік бюджет қаражатының бекітілген көлемін пайдалана отырып, бюджет қаражатынан жалпы сомасы 44 000,0 мың теңгеге 400 тонна картопты сатып алуды тиімсіз жүзеге асырған.

2016 жылғы 20 мамырдағы жасалған келісім шартына сәйкес, «Тұрақтандыру қорының азық-түлік тауарларын қалыптастыру және пайдалану» мемлекеттік бағдарламасын іске асырып тиімді басқару және әлеуметтік маңызы бар тауарларға бағаны тұрақтандыру, сондай-ақ «Тұрақтандыру қорының азық-түлік тауарларын қалыптастыру және пайдалану» мемлекеттік бағдарламасын шығынсыз іске асыру;

Алайда, 2016 жылғы келісім-шарт аясында тұрақтандыру қорын қалыптастыру және пайдалану бойынша 244 003,0 мың теңге бюджет қаражатының іс жүзінде 14,3 пайызы пайдаланылған, соның нәтижесінде өңірде бағаны төмендету бойынша міндеттерге қол жеткізілмеген.

**5-тармақ.** ҚР 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджет Кодексінің 4 тармағының 12 тармақшасына қайшы, 2016 жылғы келісім-шарт аясында тұрақтандыру қорын қалыптастыру және пайдалану бойынша 244 003,0 мың теңге бюджет қаражатының іс жүзінде 14,3 пайызы пайдаланылған, соның нәтижесінде өңірде бағаны төмендету бойынша міндеттерге қол жеткізілмеген.

**6-тармақ.** Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы №234 «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» заңының 4 бабына қайшы, 2018 жылдың 31 желтоқсанына жалпы сомасы 21 920,2 мың теңге кредиторлық берешектер бухгалтерлік балансында көрсетілмеген, яғни Серіктестіктің бухгалтерлік есептің қаржылық жағдайы, қызметінің нәтижелері және қаржылық жағдайындағы өзгерістер туралы толық және дұрыс ақпаратпен қамтамасыз етілмей 2018 жылға арналған бухгалтерлік баланстары бұрмаланып жасалған.

### III. Қорытынды бөлік

#### 3.1. Мемлекеттік аудит объектісі бойынша жалпы тұжырымдар:

**3.1.1 Заңнаманың, ішкі нормативтік актілердің және құжаттардың сақталуын және (немесе) бағдарламаның мақсатына, көрсеткіштеріне (өлшемшарттарына) сәйкес мемлекеттік аудит объектісі қызметінің тиімділігін бағалау:**

**1. Стратегиялық мақсаттар мен даму индикаторларын іске асырудың тиімділігі.**

Қоғамның өзгерістер мен толықтырулар енгізілген Даму стратегиясы ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілмеуіне байланысты Қоғам өз қызметін дамуының директивті жоспарысыз жүзеге асырып келген.

Индустриялық аймаққа қомақты бюджет қаражаттары шығындалғанымен қазіргі таңда Индустриялық аймақ рентабельді қызметті және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ете алмай отыр. Оған қоса іске қосылған немесе іске қосылатын жобалардың ішінде кейбір жобалары өңірде теңдесі жоқ бірегей заманауи өндірістерге жатпайды.

«Тұрақтандыру қорының азық-түлік тауарларын қалыптастыру және пайдалану» мемлекеттік бағдарламасы іс жүзінде тиісті деңгейде жүзеге асырылмағай міндеттерге қол жеткізілмеген.

**1) Қоғамның дамуының белгіленген бағдарламалары мен міндеттерінің орындалуын бағалау:**

Даму стратегиясы мен қызметтің есептік көрсеткіштерінің іске асырылуын талдаумен, Қоғам активтерді тиімді басқаратын, өңірдің өсу нүктелерінде экономикалық белсенділікті, оның ішінде инвестициялар тарту арқылы ынталандыратын және бәсекеге, қабілетті орнықты өндірістерді қалыптастырудың катализаторы ретінде әрекет ететін өңірлік даму институты бола тұра өз миссиясын тиімді және нәтижелі орындамайтынын көрсетеді.

**2) облыс экономикасын дамытуға белгіленген үлеске қол жеткізуі.**

Өңір экономикасына инвестициялар тарту бойынша жүйелі жұмыстың болмауына, Ақтөбе индустриялық аймағын игерудің ұзақ кезеңі және оның тиімсіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ кәсіпкерлікті дамыту мәселелерінде өңірдің тиісті уәкілетті органдарымен тығыз өзара іс-қимылдың болмауына байланысты облыстың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштеріне Қоғамның үлесі және әсері мардымсыз және осы мәселелерді шешудегі міндеттері мен функциялары тиімсіз іске асырылуда.

**2. Белгіленген міндеттерді іске асыру бойынша Қоғам қызметінің нәтижелілігі, жоспарлы көрсеткіштерге қол жеткізілмеу себептері және қызметтің рентабельділігі.**

Қоғам өз активтерін тиімді басқармау салдарынан 2019 жылдың 1 қаңтарына 669 520,0 мың теңге залалмен шығып рентабельді қызметті және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ете алмай отыр.

**1) іс жүзінде іске асырылған міндеттер мен функциялардың қоғам жарғысында көзделген жалпы санға арақатынасы:**

Қоғам өзінің пайымына сәйкес активтерді тиімді басқаратын өңірлік даму институты бола тұра және оған қойылған табыстылыққа, тиімділікке ұмтылу талаптарын тиісте деңгейде атқармай көп жағдайларда өзіне залал

әкелетін инвестициялық жобаларға қатысқан, оған қоса өзіне бекітілген әкімшілік шығыстарының жекелеген түрлерінің лиметтерінен асырып шығындар жүргізген.

Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүргізу кезінде сатып алу жоспарын, баға ұсыныстарының хабарландыруларын, ашық тендерлерін Қоғам өзінің ресми веб-сайтына орналастырмайды, яғни тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жүргізілуі тиісті деңгейде жүргізілмей әлеуетті өнім берушілерге сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тен мүмкіндіктер беру, әлеуетті өнім берушілер арасында адал бәсекелестік, сатып алу процесінің жариялылығы мен ашықтығы, сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау қағидаттары сақталмағаны көрінеді.

Қоғам штатта бірліктері толық жинақталмауы, қызметкерлерге қосымша үстемақы төленуі, «Батыс-Агро 2008» ЖШС-нің 7 қызметкеріне ай сайын еңбекақы аударылғаны корпоративтік басқару, кадрлық саясаты тиісті деңгейде жүргізілмейтінін көрсетеді.

Қоғамның бухгалтерлік құжаттары (алым-берім актілері, түгендеу актілері және материалдық жауапкершілік туралы шарттары) тиісті деңгейде жүргізілмейтіні басшылық тарапынан бақылаудың өте төмен екендігін көрсетеді.

2) Қоғамның өзге заңды тұлғалардың (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер мен акционерлік қоғамдардың) жарғылық капиталдарына қатысу заңдылығы және нәтижелерін бағалау.

Қарыз алу мақсаттарын және түпкілікті нәтижелерін нақтыламай өзінің еншілес ұйымдарына және өзге де шаруашылық жүргізуші субъектілерге пайызсыз қарыздар берілуі, бірқатар жобаларды іске асыру үшін Қоғамның өзге заңды тұлғалардың және бірлескен өндірістер ұйымдарының жарғылық капиталдарына қатысу нәтижесінде аяқталмаған және салынған қаражаттың қайтарымсыз жоғалтуға алып келген фактілері, сондай-ақ экономикалық пайдасыз қатысу үлестерін сату туралы, ал жекелеген жағдайларда Қоғам үшін негізсіз залал әкелетін қабылданған шешімдердің жеткілікті санының болуы, осы жұмыс бағытының нәтижелілігінің төмендігін және Қоғамға келтірілген залал фактілері бойынша Қоғам лауазымды тұлғаларының тиісті жауапкершілігінің төмендігін куәландырады.

3.2. Мемлекеттік аудит жүргізудегі кедергілер: жоқ.

3.3. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар: Негізсіз төленген 183,4 мың теңге сыйақы аудит барысында Қоғамның шотына өндірілді. №43 қосымша 1 бетте (Кіріс кассалық ордерінің көшірмесі жалғанды).

IV. Қосымшалар: 503 бетте.

1) мемлекеттік аудит объектісі басшысының міндеттерін атқару жөніндегі талап 2 бетте;

капиталдарына қатысу нәтижесінде аяқталмаған және салынған қаражаттың қайтарымсыз жоғалтуға алып келген фактілері, сондай-ақ экономикалық пайдасыз қатысу үлестерін сату туралы, ал жекелеген жағдайларда Қоғам үшін негізсіз залал әкелетін қабылданған шешімдердің жеткілікті санының болуы, осы жұмыс бағытының нәтижелілігінің төмендігін және Қоғамға келтірілген залал фактілері бойынша Қоғам лауазымды тұлғаларының тиісті жауапкершілігінің төмендігін куәландырады.

**3.2. Мемлекеттік аудит жүргізудегі кедергілер:** жоқ.

**3.3. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар:** Негізсіз төленген **183,4** мың теңге сыйақы аудит барысында Қоғамның шотына өндірілді. №43 қосымша 1 бетте (*Кіріс қассалық ордерінің көшірмесі жалғанды*).

**IV. Қосымшалар:** 503 бетте.

1) мемлекеттік аудит объектісі басшысының міндеттерін атқару жөніндегі талап 2 бетте;

2) аудиторлық іс-шараның нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің тізілімі 24 бетте;

3) аудит объектісі ұсынған ақпараттар мен құжаттардың толықтығы және анықтығы туралы ұсыныс хаты 1 бетте;

4) аудиторлық дәлелдемелер: №1-43 қосымшалар 478 бетте.

**Тексеру комиссиясының жұмыскері**

Бас инспектор – мемлекеттік аудитор  А. Г. Нұрғалымов

Бас маман – мемлекеттік аудитор  Е. Т. Жұмағалиев

Бас маман – мемлекеттік аудитор  Р. А. Балқасынов

**Мемлекеттік органдардан тартылған мамандар, мемлекеттік емес аудиторлық ұйымдардың жұмыскерлері, сарапшылар:** жоқ.

**Аудиторлық есеп екі данада жасалды:**

аудиторлық есептің № 1 данасы – Тексеру комиссиясына, аудиторлық есеп бланкісінің 001331.

№ 2 дана – Қоғамға, бланк № 001332.

**ТАҚСЫМ**